



СУДЫ ҚАЛАЙ ҮНЕМДЕЙМІЗ?

6-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ШЕТЕЛГЕ ШЫҚСАМ, АСТАНАҒА АСЫҒАМЫН

10-БЕТ | АСТАНА – 25



АЗАТТЫҚҚА ДЕГЕН ТАЛПЫНЫС

12-БЕТ | ТӘУЕЛСІЗДІК



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Мектеп – білімнің ғана емес, тәлім-тәрбиенің ордасы. Баланың бойына біліммен қатар адамгершілік құндылықтарды сіңіру – ұстаздың міндеті. Осыған орай балабақшадағы және мектептегі тәрбие ісіне бәріміз қоғам болып мән беруіміз керек, сондай-ақ белсене атсалысуымыз қажет. Балалар арасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеген абзал. Оқушылар мектеп бітіргенде, ең алдымен, адал азамат болып шығуы керек. Отаншылдық және мемлекетшілдік қасиет әр баланың бойынан табылуы қажет.

№118
(4551)
Бейсенбі
5 қазан
2023 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Бүгін – Мұғалімдер күні. Адами капиталы мықты ел ғана биіктерді бағындырады. Ал интеллектуалды ұлт қалыптастыруға үлес қосатындар – педагогтар. Ұлтымыздың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы «Мұғалім – мектептің жаны» деп бекер баға бермеген. Үздік мұғалім – ол кез келген білім беру мекемесінің тірегі.

8

Құрметті ұстаздар!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Мұғалімдер күнімен құттықтаймын! Сіздер балаларымыздың болашағына елеулі үлес қосып келесіздер. Өскекең ұрпаққа білім беріп қана қоймай, олардың қабілетін анықтап, өмірден өз жолын табуына көмектесесіздер. Сіздердің кәсібиліктеріңіз бен жанашырлықтарыңыздың арқасында білімді жандардың бірнеше буыны қалыптасты.

Мемлекет басшысы ұстаздар қауымына жағдай жасауға және қолдау көрсетуге ерекше назар аударды: педагогтардың жалақысы едәуір артты, біліктілікті арттыру бойынша түрлі бағдарлама енгізілді, жоғары оқу орындарына білім гранттары бөлініп жатыр.


Біз өз тарапымыздан мектепке қажетті инфрақұрылым салу жұмысын жалғастырамыз. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша елордада «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы жүзеге асып жатыр. Осы жұмыс аясында 2024-2025 жылдары 90 мың оқушы орнына арналған 24 мектеп салынады.

2027 жылға дейін бас-аяғы 180 мыңға жуық оқушы орнына арналған 65 мектеп салуды жоспарлап отырмыз. Бұл шаралар мектептердің шамадан тыс жүктемесін реттеп қана қоймай, болашақта орын тапшылығы мәселесін толығымен шешуге мүмкіндік береді.

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Мұғалімдер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Зор денсаулық, еңбегіңізге табыс және бақ-береке тілеймін!

Жеңіс ҚАСЫМБЕК,
Астана қаласының әкімі

МҰҒАЛІМ – МЕКТЕПТІҢ ЖҮРЕГІ



Мемлекет басшысы қол қойған «Қоғамдық бақылау туралы» заң аясында петиция институты ресми түрде реттеледі.

Енді қазақстандықтар арнайы интернет-портал арқылы петиция жібере алады. 50 мыңнан аса дауыс жинаған петиция Үкімет деңгейінде қаралады.

«Заң өтініш берудің бірнеше шегін белгілейді. Аудандық деңгейдегі петицияларды ең аз дегенде 2,5 мың азамат қолдауы керек. Өтініш Үкімет деңгейінде қаралуы үшін 50 мың азаматтың қол қоюы қажет. Соңғы шешімді мемлекеттік органның бірінші басшысы қабылдайды» деп жазды Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева.



Бүгін елордалық «Астана» футбол командасы УЕФА аясындағы Конференция лигасының топтық турнирінде Чехияның «Виктория Пльзень» клубымен ойнайды. Осы матчқа орай елордада бірқатар автобустың жүру уақыты ұзарады.

«Астана Арена» стадионында өтетін матчта сүйікті командамызға барынша қолдау білдіріп, ыңғайлылықты қамтамасыз ету үшін жанкүйерлер үшін қалалық №10, 12, 26, 37, 40, 51, 53, 60 және 303 қала маңы бағдарларының жүру уақыты ұзарады. Жанкүйерлер ойыннан кейін межелі жерге кедергісіз жете алады» делінген «City Transportation Systems» компаниясының хабарламасында.

«JOLTAR» ТЕГІН ОҚЫТАДЫ

Елордада «Joltar» ауқымды жобасы аясында «Freelance mumkindik» оқыту басталды.

Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен өтіп жатқан бірінші кезеңде 177 оқушы дәріс алуға кірісті. Қысқа мерзімді оқытуға жазылу «Баршаға мүмкіндік» модульдік пункттерінде өтеді. Мұнда елорда тұрғындары жұмыс және цифрлы дағдыларды игеру бойынша тегін кеңес, сондай-ақ, мемлекеттік қолдау шаралары мен жұмысқа орналасу мүмкіндіктері туралы ақпарат ала алады.

Бірінші ағымда жеті цифрлы дағдыны меңгерген 177 оқушы оқуын бастады: таргетолог, SMM, видеограф, маркетинг, мобилограф, графика дизайнері және веб-дизайнер (сайттарды әзірлеу). Оқу аяқталғаннан кейін қатысушылар сертификат алады, ал олардың кандидатурасы «Jumys tar» Telegram-ботында тегін жарнамаланады.

(Соңы 7-бетте)

БАС ҚАЛАДА БҮГІННЕН БАСТАП ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ БАСТАЛДЫ

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 503.51 \$ USD/KZT 474.47 ₪ RUB/KZT 4.88 ¥ CNY/KZT 64.99

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



30 ЖЫЛДЫҚ – МАҢЫЗДЫ КЕЗЕН

Мемлекет басшысы Қазақстандағы «Шелл» концернінің 30 жылдығына арналған салтанатты жиынға қатысты. Қасым-Жомарт Тоқаев халықаралық «Шелл» энергетикалық концерні еліміздің мұнай-газ өнеркәсібі саласындағы алғашқы шетелдік инвесторлардың бірі екенін атап өтті. Президенттің айтуынша, «Шелл» концернінің Қазақстандағы қызметінің 30 жылдығы сала тарихындағы маңызды кезең саналады.

– Қиын-қыстау жылдары «Шелл» экономикамызға қомақты инвестиция құйып, жаңа технология, ғылыми жетістіктер мен басқарудың баға жетпес тәжірибесін әкелді. Біз компанияның бұл еңбегін жоғары бағалаймыз. Соңғы 30 жылда «Шелл» ел экономикасына 18 миллиард доллардан астам инвестиция салып, Қазақстандағы ең ірі шетелдік инвесторлардың бірі ретіндегі позициясын нығайтты, – деді Мемлекет басшысы.

Президент «Шелл» концерні басқа да серіктестермен бірге елімізде ауқымды мұнай-газ жобаларын белсенді жүзеге асырып жатқанын атап өтті. Компания әлемдегі ең ірі мұнай-газ конденсаты кен орындарының бірі – Қарашығанақтың операторы саналады. Қарашығанақты кеңейту жобасының кезеңдерін уақытылы іске асыру сұйық көмірсутегін өндіруді 10-11 миллион тонна деңгейінде сақтауға ықпал етеді.

– «Шелл» концернінің және басқа да акционерлердің үйлесімді жұмысы Қашағанның «ғасыр жобасын» іске қосуға мүмкіндік берді. Бүгінде Солтүстік Каспий жобасы жаһандық энергия нарығында маңызды рөл атқарады және еліміздегі мұнай өндірісінің 20 пайызын қамтиды. Көмірсутегін өндіруден басқа, оларды әлемдік нарықтарға тасымалдау үшін инфрақұрылым құрудың маңызы зор. Бұл бағыттағы

алғашқы табысты жоба – Каспий құбыр консорциумы. Оны жүзеге асыруға «Шеврон», «ЭНИ», «Шелл», «Лукойл» және тағы басқа жетекші мұнай компаниялары қатысты, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Қазақстанда трансұлттық мұнай-газ корпорацияларының еңбек етуі еліміздің жоғары инвестициялық тартымдылығын көрсететінін, соның ішінде инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғау бағытындағы заңнаманың тұрақты сақталатынын айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев компанияның әлеуметтік жауапкершілігіне арнайы тоқталды. «Шелл» өз жобаларында жұмысқа жергілікті кадрларды тартуға айрықша мән береді. Бүгінде Қарашығанақ және Қашаған жобаларында жұмыс істейтін қызметкерлердің 95 пайыздан астамы – Қазақстан азаматтары. Сондай-ақ аталған концерн «Күн энергиясы – мектептерге», «Шелл эко-марафоны» және басқа да жобаларды жүзеге асыра отырып, экологиялық мәселелерді шешуге жастарды белсенді тартады.

Президент өзінің жуырдағы Жолдауында шағын және орта бизнесті дамытуға ерекше назар аударғанын еске салды. Оның пікірінше, «Шелл» бұл мәселені шешуге әлеуметтік тұрғыдан осал санаттағы жас кәсіпкерлер мен әйелдерді қолдау бағдарламала-

ры арқылы елеулі үлес қосады. Компания оларға бизнес ашу үшін кеңес беру қызметтері мен бастапқы капиталды ұсынады. Мемлекет басшысы концерннің осы бағыттағы қызметін кеңейту үшін мол әлеует бар екенін атап өтті.

– Отандық кәсіпкерлермен кездесуде жергілікті инженерлер мен компанияларды міндетті түрде тарта отырып, жобалық дизайн кеңселерін Қазақстанға көшіруге жәрдемдесуді тапсырдым. Жергілікті өнім үлесін арттыру үшін өндірушілерімізге ірі мұнай-газ жобаларын іске асыруға жол ашу маңызды. «Шелл» концернінің белсенді және конструктивті ұстанымы Қазақстан экономикасын әртараптандыруға елеулі үлес қосып, компанияның имиджін одан әрі жақсартатынына сенімдімін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы сөзінің соңында еліміздің өркендеуіне және орнықты дамуына зор үлес қосқаны үшін компанияға шынайы ризашылығын білдіріп, «Шелл» концерні Қазақстанның энергетика саласындағы стратегиялық серіктестерінің бірі екенін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев компанияның бірқатар қызметкерін Қазақстанның мұнай-газ саласын дамытуға сіңірген ерекше еңбегі үшін мемлекеттік наградалармен марапаттады.

АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК – БАСТЫ НАЗАРДА

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Мемлекеттік техникалық қызмет» акционерлік қоғамына барды. Мекеме қызметімен танысу барысында Мемлекет басшысына Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісінің қазіргі жай-күйі және қабылданып жатқан шаралар жөнінде мәлімет берілді.

Президентке Ақпараттық қауіпсіздіктің ұлттық үйлестіру орталығының, Телекоммуникация желілерін басқару орталығының, сондай-ақ Компьютерлік инциденттерге қарсы ұлттық әрекет ету қызметінің және Зиянды кодты зерттеу орталығының жұмыс процесі мен нәтижелері

таныстырылды. Президентке биыл 9 ай ішінде мемлекеттік органдардың ресурстары мен еліміздің аса маңызды нысандарына жасалған 163,4 миллион кибершабуылға тойтарыс берілгені жөнінде баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің ақпараттық инфра-

құрылымының тұрақты қызметін қамтамасыз ететін және осы саладағы қауіпсіздікке төнген кез келген қатерге төтеп беретін механизмдерді дамыту маңызды екенін атап өтті. Мемлекет басшысы аталған қызметті жетілдіру мәселелеріне қатысты бірқатар нақты тапсырма берді.



ЖҰМЫСТЫ ЖАНДАНДЫРУДЫ ТАПСЫРДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен заңсыз иемденілген активтерді қайтару мәселесі жөнінде кеңес өтті. Жиынға Премьер-министр Әлихан Смайылов, Президент Әкімшілігінің басшысы Олжас Бектенов, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаев, Премьер-министрдің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеу және Бас прокуратураның басшылығы қатысты.

Мемлекет басшысына кеңестің күн тәртібіндегі мәселе бойынша қабылданып жатқан шаралар мен бұған дейін берілген тапсырмалардың орындалу нәтижелері туралы баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаев әлеуметтік әділдікті қалпына келтіруге және мемлекетке қайтарылған активтерді елімізді дамыту үшін пайдалануға бағытталған бұл жұмыстың маңызын атап

өтті. Мемлекет басшысы осы іске жұмылдырылған барлық мемлекеттік құрылымдардың жұмысын жандандыру қажет екенін айтты. Жиын соңында Президент бірқатар нақты тапсырма берді.

ТОҒЫЗ АЙДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫН БАЯНДАДЫ

Мемлекет басшысы Әділет министрі Азамат Есқараевты қабылдады. Қасым-Жомарт Тоқаевқа әділет органдарының биылғы 9 айда атқарған жұмысының қорытындысы мен алдағы жоспары жөнінде баяндалды.

Мемлекет басшысына қабылданып жатқан заңнамалық шаралар, атап айтқанда, Қылмыстық, Қылмыстық-процестік, Қылмыстық-атқару, Әкімшілік құқық бұзушылық кодекстерін оңтайландыру үшін әзірленген заң жобалары, сондай-ақ әкімшілік әділет саласын жетілдіру және кеңейту мәселелері жөнінде мәлімет берілді.

Бұдан бөлек, Президентке

азаматтық хал актілерін тіркеу, жылжымайтын мүлікке қатысты құқықтар, нотариаттық, адвокаттық қызметтер, атқарушылық іс жүргізу салаларындағы жаңалықтар және зияткерлік меншік құқықтарын қорғау шаралары туралы айтылды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Азамат Есқараевқа «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қай-

тару туралы» заңды жүзеге асыруға қатысты заңға тәуелді актілерді жедел қабылдау үшін Бас прокуратурамен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеуді тапсырды. Сонымен қатар Президент заңдар мен заңға тәуелді актілерді қабылдау кезінде мүдделі мемлекеттік органдармен үйлесімді жұмыс істеп, Конституция талаптарының сақталуын қамтамасыз ету қажет екенін атап өтті.

ЕКІЖАҚТЫ БАЙЛАНЫСТАР НЫҒАЯДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Того Республикасының Президенті Фор Гнассингбемен телефон арқылы сөйлесті.

Мемлекет басшысы Африкадағы саяси және экономикалық жаңғыру үдерісін ерекше ықыласпен бақылап отырғанын атап өтіп, Қазақстанның аталған құрылымға елдермен қарым-қатынасты кеңейтуге ниетті екенін айтты.

Келесі жылы Қазақстан мен Того арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнағанына 10 жыл толады. Осыған байланысты мемлекеттер басшылары екіжақты байланыстарды нығайтуға өзара бейілді екенін растады. Әңгімелесу барысында пре-

зиденттер сауда, инвестиция, көлік, логистика және ауыл шаруашылығы салаларындағы ынтымақтастықты тереңдету перспективаларын, сондай-ақ халықаралық ұйымдар аясындағы өзара ықпалдастық мәселелерін талқылады.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Нью-Йоркте АҚШ-тың бұрынғы президенті Дональд Трампқа қарсы сот басталды.

Экс-президентке кәсіпкерлікпен айналысуда алаяқтыққа барды деген айып тағылып отыр. Нақтырақ айтқанда, ол банктер мен сақтандыру компанияларына жылжымайтын мүліктер бағасын көтермелеп сатқан. Мысалы, құны шамамен 27 миллион доллар тұратын Флоридадағы үйін 2300 пайызға қымбат ұсынған. Трамптың өзі бұл айыптарды жоққа шығарды.



Мысырдың қазіргі мемлекет басшысы Әбдел Фаттах әс-Сиси алдағы президент сайлауына қатысатынын жария етті.

Басты саяси додаға үшінші рет үміткер ретінде тіркелген ол 2016 жылы жеңіске жетіп, 2018 жылы қайта сайланған болатын. Осы жолы тағы басым түссе, елді 2030 жылға дейін басқармақ. Мысырдағы президент сайлауы 10-12 желтоқсан аралығында өтуі тиіс. «Ел игілігі үшін алдағы уақытта адал қызмет етуге уәде беремін» деді ол.



Илон Маск қайтадан АҚШ-тың ең бай тұрғыны атанды.

SpaceX және Tesla компаниялары иегерінің дәулеті 251 млрд долларға бағаланып отыр. Forbes журналы жыл сайын тізімдейтін АҚШ-тың 400 бай азаматының қатарында Илон Маск қайта көш бастап тұр. Екінші орынға Американың Amazon корпорациясын құрған Джефф Безос (161 млрд доллар) орналасқан. Үшінші позицияда – Oracle корпорациясының негізін қалаушылардың бірі Ларри Пейдж (114 млрд доллар).



«ТҰРАН» ГАЗ ЖЫЛУ СТАНЦИЯСЫНА БАРДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Тұран» және «Оңтүстік-Шығыс» газ жылу станцияларының, сорғы-сүзгі станциясының және үшінші ЖЭО-ның құрылыс жұмыстарының барысымен танысты.

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Мемлекет басшысына «Оңтүстік-Шығыс» газ жылу станциясының және жалпы қуаты сағатына 700 гигакалорий болатын «Тұран» газ жылу станциясының бірінші кезеңінің құрылыстары аяқталғаны туралы мәлімет берді. Оның айтуынша, «Оңтүстік-Шығыс» станциясы Мыңжылдық аллеясы, «Нұрлы жол» вокзалы, «Бағыстан» тұрғын алабы сияқты құрылысы қарқынды түрде жүріп жатқан аудандарды, ал «Тұран» станциясы қаланың сол жағалауында жаңадан салынып жатқан аумақты тұрақты жылумен қамтамасыз етеді.

Мемлекет басшысына аталған газ жылу станциялары биылғы жылыту маусымының басынан бастап іске қосылатыны жөнінде баяндалды. Жыл аяғына дейін үшінші ЖЭО-ның құрылысы аяқталады. Үш жаңа нысан қаланы қосымша жылумен

қамтамасыз етеді. Оның қуаты – сағатына 1140 гигакалорий. «Тұран» газ жылу станциясының екінші кезеңінің салынуы және «Тельман» жаңа газ жылу станциясы қуаты сағатына 850 гигакалорий болатын қосымша жылу береді.

Құрылыс компаниясының өкілдері Қазақстанда газ жылу станцияларының өндірістегі отандық үлесін арттыру үшін газ жабдықтарын өндіруші кәсіпорындармен арада уағдаластықтар бар екенін жеткізді.

Президент газ жылу станцияларын кезең-кезеңмен пайдалануға беруді тапсырды.

«Ең алдымен, жобалардың сапасы жоғары болуға тиіс. Біз оны қадағалаймыз. Мұндай жобалар қалаға өте қажет. Мен бұл жерге осы мақсатпен келдім. Әр қалада үш негізгі мәселе бар. Олар – жылу, жарық және су. Тұрғындар бұл қажеттіліктермен

міндетті түрде қамтамасыз етілуі керек. Оның үстіне, сөз елорда туралы болып отыр. Ешқандай кідіріс болмауға тиіс. Бұл, түптеп келгенде, біздің мемлекетіміздің беделі мен имиджіне қатысты мәселе. Сондықтан аталған мәселені бәріміз жұмылып, міндетті түрде толық шешуіміз қажет» деді Мемлекет басшысы.

Жеңіс Қасымбек Президентке Астана су қоймасынан тартылатын су құбырының және сорғы-сүзгі станциясының іске қосылуы жөнінде айтты. Оның мәліметі бойынша биылғы қарашада Нұра жерасты су көзінен қуаты 48 мың текше метр болатын су құбырын тарту, сондай-ақ «Тельман» сорғы станциясының қуатын күніне 160 мың текше метрге дейін жеткізу жөніндегі жобалау жұмыстары аяқталады.

Қасым-Жомарт Тоқаев елорда халқының саны жылдан-жылға көбейіп келе жатқанына байланысты қосымша су көздерімен қамтамасыз ету жолдарын іздеу қажеттігіне назар аударды. Сондай-ақ қаладағы жаңа жылу нысандарының құрылысын уақытылы аяқтауды тапсырды.

«SANA» ОҚУШЫЛАР САРАЙЫН АРАЛАДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елордадағы «Sana» оқушылар сарайын аралады.

Бес қабатты заманауи ғимаратта 5-17 жас аралығындағы жеткіншіктерге арналған 60-тан астам үйірме мен спорт секциялары жұмыс істейді. Олар техникалық шығармашылық, сәндік-қолданбалы өнер, әлеуметтік

ғылымдар, музыка және хореография, спорт секілді бірнеше бағытқа бөлінген. Орталық бір мезгілде 700 баланы қабылдай алады. Аумағы 7500 шаршы метр ғимаратта соңғы үлгідегі технологиялармен жабдықталған оқу

кабинеттері, жүзу бассейні, акт залы, подкаст және фото студиялары бар.

Мемлекет басшысы Lego құрастыру, роботтық техника, 3D-модельдеу және киші өнері, ұрмалы аспаптар, домбыра үйірмесі кабинеттері мен жүзу бассейнін аралап көрді. Сондай-ақ Президент орталықтың оқытушыларымен, балалармен және ата-аналармен әңгімелесті.

«Әрбір қалада, ауданда осындай орталықтар ашылуы керек. Мен жақында бизнес өкілдерімен кездесу өткіздім. Бұл балалар үшін, өскелең ұрпақ үшін қажет. Сондықтан біз бұл мәселеге баса мән береміз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«SANA» жаңа ұрпақ орталығын «Damu Development Group» консорциумы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында салған. Компания құрылтайшысы Абзал Сағымбаев алдағы уақытта бірнеше дамыту орталықтарын, әлеуметтік, денсаулық сақтау нысандарын салу жоспарланып отырғанын жеткізді.

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбектің айтуынша, 2029 жылға дейін елордада осындай 15 оқушылар сарайы бой көтереді. Оның ішінде 5 орталықтың құрылысы жуық арада басталады.

Испанияда аптап ыстық пен құрғақшылық салдарынан зәйтүн ағаштары жойылып барады.

Жыл басынан бері зәйтүн майының бағасы 50 пайызға қымбаттаған. Елдегі өндіріс көлемі екі есе қысқарды. Шығынға батқан фермерлер мәселені шеше алмай дал. Осылайша әлемде зәйтүн майын өндіретін жетекші ел тығырыққа тіреді. Сарапшылар мәселені шешудің бірден-бір жолы өндіріс көлемін ұлғайту дейді. Алайда климаттағы өзгерістер жағдайында оны қалай жүзеге асыруға болатыны әзірге белгісіз.



Норвегияда тұзды суды тұщыландырудың жаңа жүйесі енгізілді.

Жергілікті компаниялардың бірі теңіз деңгейінен 400 метр төмен жұмыс істейтін арнайы қондырғыны патенттеді. Жүйе салыстырмалы түрде аз энергия жұмсай отырып, тұзды су сүзеді. Жаңа құрылғы күніне 50 миллион литрге дейін тұщы су дайындай алады. Ал бұл өз кезегінде 400 мың тұрғыны бар қаланы қамтамасыз етуге жеткілікті. Идея авторлары осылайша су дағдарысын шешуге үлес қоспақ.

ИНДУСТРИАЛДЫҚ НЫСАНДЫ АРАЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елорданың индустриалды нысандарын аралау барысында бронды дөңгелекті техника өндіруге және жаңғыртуға маманданған Kazakhstan Paramount Engineering зауытына да барды.

Бұл компания 2013 жылы құрылған. Ол – Қазақстан мен Орталық Азияда дөңгелекті бронды техника шығаратын бірден-бір кәсіпорын. Қазақстан аумағында өз өндірісін ашу және бәсекеге қабілетті заманауи бронды техникаға сервистік қызмет көрсету, сондай-ақ түрлі міндеттерді орындауға арналған

бронды дөңгелекті машина өндірісін өркендету аталған компанияның артықшылығы саналады.

Мемлекет басшысы осы саланы ілгерілетудің келешегі зор екенін ерекше атап өтіп, компанияны қорғаныс өнеркәсібіне маманданған отандық кәсіпорындарды дамытуға жан-жақты атсалысуға шақырды.



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ КЕЛЕШЕГІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Мемлекет басшысы CNPC компаниясы Директорлар кеңесінің төрағасы Дай Хоуляндты қабылдады. Кездесу барысында Қазақстан мен China National Petroleum Corporation (CNPC) компаниясының мұнай-газ саласындағы ынтымақтастығының перспективасы талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Дай Хоуляндқа көмірсутегі кен орындарын барлау және өндіру жұмыстарын жалғастырудың маңызын айтып, Шымкент мұнай өңдеу зауытының өндірістік қуатын арттыру жөніндегі жобаның еліміз үшін мәні зор екенін атап өтті.

Сонымен қатар кездесуде Қытайға газ экспорттауға және Бейнеу – Бозой – Шымкент жаңа газ құбырының желісін салу жобасына, сондай-ақ Қазақстан мұнайының ҚХР-ға экспорт көлемін ұлғайтуға қатысты мәселелер қарастырылды.

БАЛАБАҚШАЛАР ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАЙТА БАСТАЛАДЫ

Бұл туралы елорда әкімі Жеңіс Қасымбек мәлімдеді. Ол Мемлекет басшысы мен Үкіметтің қолдауымен 2027 жылға дейін Астанада 180 мыңға жуық оқушы орнына (екі ауысымда) арналған 65 мектеп салынатынын жеткізді.

«Астананы әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарға баса назар аудару отырып дамытып жатырмыз. Мәселен, елордада мемлекеттік балабақшалар құрылысы 2017 жылы тоқтап қалған. Осы 6 жылда жекеменшік балабақшаларға арналған мемлекеттік тапсырыстар бөлінетінін мәлім етті.

«Мысалы, биыл жекеменшік балабақшаларға 10300 орынға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы бөлінді. Өткен жылмен салыстырғанда орындар саны 5 еседен астам өсті. Сондай-ақ жеке инвестиция есебінен 17 балабақша салынып жатыр. Сонымен қатар, мектеп құрылысына да баса назар аударамыз. Мемлекет басшысы мен Үкіметтің қолдауымен 2027 жылға дейін Астанада 180 мыңға жуық оқушы орнына (екі ауысымда) арналған 65 мектеп салынады» деді Ж.Қасымбек.



ЕҢ ҚАТАҢ ШАРА ҚОЛДАНУ КЕРЕК

Премьер-министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары қаралды.

Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары Марат Қожаев биыл жол-көлік оқиғаларының негізгі көрсеткіштерінің төмендегенін айтты: жол-көлік оқиғалары – 13%-ға (8253-тен 9429-ға), зардап шеккендер саны – 16%-ға (12394-тен 10448-ге дейін), қаза тапқандар – 1%-ға (1478-ден 1468-ге дейін). Дегенмен, жалпы оң динамикаға қарамастан, Алматы қаласы, Жамбыл, Түркістан, Алматы, Жетісу облыстарында апат деңгейі әлі де жоғары. Сонымен қатар биыл 5,5 млн-нан астам жол қозғалысы ережесін бұзуға тосқауыл қойылғаны, 15 мыңға жуық мас күйдегі жүргізуші ұсталғаны, 9 мың адамның көлік жүргізу құқығынан айырылғаны, 15 мың адамның әкімшілік қамауға алынғаны, 215 мыңнан астам жаяу жүргіншіге айыппұл салынғаны аталып өтті.

Марат Қожаев ІІМ-нің емтихандарды қабылдау ережесіне өзгерістер енгізгенін атап өтті: енді емтихан тапсыру процесі онлайн-трансляция арқылы бақыланады, «Автомектеп» ақпараттық жүйесінде білім алушыларды міндетті тіркеу нормасы енгізілді. Нәтижесінде тізімдерді түзету мүмкіндігі алынып тасталады. Қазіргі уақытта түзетулердің екінші пакеті әзірленді. Дайындық курстарын аяқтау туралы куәліктерді және медициналық анықтамаларды электрондық нысанға көшіру жоспарлануда. Сонымен қатар жүргізушілердің өз бетінше дайындалуын

алып тастау мәселесі пысықталуда.

Бұдан бөлек, әкімдіктердің қолдауымен жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласына цифрлы шешімдердің белсенді түрде енгізіліп жатқаны айтылды. Қазір жолдарда жол ережесін бұзғандарды автоматты түрде тіркейтін 22 мың камера орнатылған. Олардың көмегімен барлық заң бұзушылықтардың 50%-ы тіркеледі. Астана мен Шымкентте бұл көрсеткіш 70%-ға дейін өсті. Мұндай жүйелерді өңірлерде енгізу жұмысы жалғасып жатыр.

Үкімет басшысы биыл жол-көлік оқиғалары мен зардап шеккендердің саны біршама төмендегенін атап өтті. Десе де жол үстінде күніне орта есеппен 5-6 адам қаза табады.

«Әр цифрдың артында қаншама жанның өмірі мен денсаулығы тұр. Өкінішке қарай, бізде көлік жүргізу мәдениеті мен тәртіп деңгейі өте төмен. Біз жолдағы құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікті қатаңдатып келеміз. Соған қарамастан, полиция жол бойында мас күйде рульге отырған және бұрын көлік жүргізу құқығынан айырылған мыңдаған жүргізушіні ұстайды. Әрине, мұндай заң бұзушыларға барынша қатаң шара қолдану керек» деді Әлихан Смайылов.

Оның айтуынша, елді мекендердегі камералар санын көбейтіп, республикалық маңызы бар автожолдарда аппарат-

тық бағдарламалық кешендерді белсенді пайдалану керек. Премьер-министр жол қауіпсіздігіне қатысты жағдай халықтың орынды наразылығын тудырып отырғанын атап өтті. Жыл басынан бері азаматтардан жол қозғалысына қатысты 62 мыңнан астам ресми шағым келіп түсті. Олардың бәрі алдыңғы ТОП-10 шағымдар қатарында тұр. Мәселен, жүргізуші куәлігін алу емтихандарын тапсыру кезіндегі жемқорлық әрекеттері де қоғам тарапынан жиі сынға ұшырайды. Автокөлік құралдарын техникалық тексеру сапасына қатысты сұрақ көп. Сондай-ақ жол-көлік апатына себепші негізгі мәселенің бірі – тиісті деңгейдегі жол инфрақұрылымының болмауы.

«Әлі күнге дейін елді мекендерде жарығы, жаяу жүргіншілер өтетін жерлері мен бағдарламалары жоқ жол учаскелері кездеседі. Осының бәрі қайғылы жағдайға, оның ішінде балалар арасындағы өлім-жітімге әкеп соғуда. Сондықтан жол қауіпсіздігін арттыру, жол апаты мен өлім-жітім деңгейін азайту жөніндегі жүйелі шараларды әзірлеу – біздің басты міндетіміз» деді Әлихан Смайылов.

Осыған байланысты Үкімет басшысы әрбір өңір бөлінісінде жол апатына жан-жақты талдау жүргізуді және жол апаты жиі болатын учаскелерде жол қозғалысын қадағалауды күшейтуді тапсырды.

БИЫЛ 170 ЖОБА ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Премьер-министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында еліміздің өңдеу өнеркәсібін одан әрі дамыту шаралары қаралды.

Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаев баяндағандай, 2022 жылдың қорытындысына сәйкес, сала еліміздің жалпы ішкі өнімінің 13,4%-ын құрап, сауда және тау-кен өнеркәсібінен кейінгі экономикаға қосқан үлесі бойынша үшінші көрсеткішке қол жеткізді. Өндіріс көлемі бойынша салада оң динамикасы байқалады. Өткен жылы өндірілген өнімнің көлемі 21,1 трлн теңгені құрап, нәтижесінде бес жыл бұрынғы көрсеткіштен 2,2 есеге артты.

Сонымен қатар өңдеу өнеркәсібінің өндіріс көлемі 8 ай ішінде 14 трлн теңгені құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3,1%-ға өсті. Салалар бойынша автокөлік құралдарын (+42,2%), машиналар мен жабдықтарды (+22,5%), сондай-ақ электр жабдықтарын (+34,3%) шығару есебінен машина жасау 28,1% деңгейінде тұрақты өсім көрсетті. Жеңіл өнеркәсібінде тоқыма бұйымдары өндірісінің (+35,9%) өсуі есебінен өсім 19,8%-ды құрады. Химия өнеркәсібінде өсім аммофос өндірісінің (+44,8%) өсуі

есебінен 3,1%-ды құрады.

Министр бұл салада 613 мыңнан астам тұрақты жұмыс орын қамтамасыз ететін 20 мыңға жуық кәсіпорын жұмыс істейтінін атап өтті. Мемлекет басшысының Жолдауын орындау шеңберінде өңдеуді тереңдету және өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарын шикізатпен қамтамасыз ету, базалық инфрақұрылымды қалыптастыру, ірі және стратегиялық инвестициялық жобаларды іске асыру, сондай-ақ нарықты жеңілдікті қаржыландырудың жеткілікті көлемімен қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылданады.

Сондай-ақ «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ басқарма төрағасының бірінші орынбасары Нұрболат Айдапкелов өңдеу өнеркәсібін дамыту шаралары туралы баяндама жасады.

Премьер-министр биылғы 8 айдың қорытындысы бойынша Ақмола облысында өңдеу өнеркәсібіне тартылған инвестиция көлемі 70%-ға, Ақтөбе және Ұлытау облыстарында өндіріс

көлемінің 18%-ға төмендегенін атап өтті. Өңір әкімдері Марат Ахметжанов, Асхат Шахаров және Берік Әбдіғалиұлы мәселеге қатысты түсініктеме берді.

Баяндамашыларды тыңдаған Әлихан Смайылов Мемлекет басшысы Жолдауында еліміздің мықты өнеркәсіптік негізін қалыптастыруды ең басты міндет ретінде айқындағанын еске салды. Бұл ретте кез келген мемлекеттің экономикасында өңдеу өнеркәсібі ерекше орын алады.

«Индустриаландыру картасы аясында биыл тамақ өнеркәсібінде, құрылыс индустриясында, машина жасауда, металлургияда және басқа салаларда 170 жобаны іске қосу жоспарланған. Бұл шамамен 12,5 мың тұрақты жұмыс орын құруға мүмкіндік береді» деп атап өтті Премьер-министр.

Ол, Президент тапсырмасына сәйкес, бірқатар басым бағытта жоғары деңгейде өңделген өнім шығаратын кластерлерді құру бойынша ірі жобалардың тізбесі дайындалып жатқанын айтты. Атап айтқанда, мұнай, газ және көмір химиясында, металды терең өңдеу, уран өнеркәсібі, машина жасау, автокомпоненттер, тыңайтқыштар өндірісі және басқа салаларда осындай кластерлер құру көзделіп отыр.

дандарындағы 130-ға жуық аула мен қоғамдық кеңістік абаттанды. Бүгінге дейін 50-ге жуық аула мен кеңістік пайдалануға берілді. Бұған мысал – Ақбұлақ өзені жағалауының Амман көшесінен Тәуелсіздік даңғылына дейінгі бөлігі. Ал көпірлердің астында Ақбұлақ өзенінің бойындағы саябақ кластерін жалғайтын жаяу жүргіншілер өткелі ашылды. Қ.Сәтбаев көшесіндегі жаяу жүргіншілер жолының Қ.Мұнайпасов көшесінен А.Петров көшесіне дейінгі бөлігі ашылды. Абаттандыру кезінде көгалдандыруға ерекше көңіл бөлініп келеді. Сонымен қатар жарықтандыру тіректері, қоқыс жәшіктері, шағын архитектуралық формалар орнатылып, абаттандырудың барлық элементімен жабдықталды.

ЖАҢА ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІК АШЫЛДЫ

Елорданың «Өндіріс» тұрғын алабында жаңа қоғамдық кеңістік пайда болды. Қала тұрғындары мен қонақтары бос уақытын жайлы және денсаулығына пайдалы түрде өткізе алатын жаңа тартымды орын бұл жолы Үшқоңыр көшесінде ашылды.

Абаттандыру барысында спорт алаңы, балалар ойын алаңы, workout аймағы, демалыс орындықтары мен тербелмелі өткеншектер жайластырылды.

Жалпы соңғы жылдары Астанада 900-ден астам аула мен қоғамдық кеңістік абаттанды. Өткен жылы Бейбітшілік

және келісім сарайы аумағында амфи-театр, қаланың оң жағалауында тағы бір жаяу жүргіншілер жолы, «Встреча» сауда үйі жанындағы қоғамдық кеңістік, «Бейбітшілік және келісім» саябағы, қалалық алаң салынса, биыл Сарыарқа, Байқоңыр, Алматы ау-

Құрметті педагогтар, білім беру саласының қызметкерлері мен ардагерлері!

Сіздерді Мұғалімдер күнімен шын жүректен құттықтай отырып, күнделікті қажырлы еңбектеріңіз үшін үлкен алғыс айтамын. Бұл – шын мәнінде баршаға ортақ мереке.

«Адамның адамилығы – жақсы ұстаздан» деп ұлы

Абай айттып кеткен. Ұстаз тәрбиесі мен өнегесі – оқушының болашақ азығы. Жақсы ұстаздан тәлім-тәрбие алған шәкірт өмір жолында жаңылыспай, болашақ бағдарынан таймасы анық. Ұстаз болу – жоғары кәсіпқойлықты, орасан зор ақыл-ой күшін, даналықты, шыдамдылық пен адалдықты қажет ететін мамандық. Сіздер ізгі идеяларды жүзеге асырушылардың алдыңғы қатарысыздар. Жас ұрпақтың бойына жақсы қасиеттерді, Отанға деген сүйіспеншілікті дарытып, өмірдің қыр-сырын танытатын да – Сіздер, ардақты ұстаздар! Мектептің басты мақсаты – заманауи білім беру мен жас ұрпақтың ой-санасын ояту. Ой-санасы биік баланың мәдениеті де жоғары. Алайда бала тәрбиесіне тек мектеп пен мұғалім ғана емес, ата-ана, қоғам болып атсалысып, жауаптылық сезіну тиіс.

Мерейлі мереке қарсаңында баршаңыздың дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге шығармашылық табыс, бастамаларыңызға сәттілік, бақ-береке мен үміттеріңізді ақтайтын шәкірттер тілеймін!



Құрметпен,
Ерлан КАНАЛИМОВ,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

Құрметті қауым, ардақты ұстаздар!

Сіздерді 5 қазан ұстаздардың кәсіби төл мерекесі – Мұғалімдер күнімен шын жүректен құттықтаймын. Ұстаздар үшін әрбір келген жаңа оқу жылы жаңа үміттер мен жаңа жетістіктерге жетелейтін жыл болып табылады.



Ұлы Мұхтар Әуезов «Ұстаз болу – өз уақытын аямау, өзгенің бақытын аялау» деген екен, ендіше жас ұрпаққа терең білім беріп, асқақ адамгершілік рухында тәрбиелеудегі еңбектеріңізге шабыт пен бақыт және сіздердің қиын да қызықты қызметтеріңізге табандылық пен шыдамдылық, сонымен бірге еңбектеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық тілеймін. Ел іресі аман, келешегіміз кемел болсын!

Ізгі ниетпен,
Зулфухар ҒАЙЫПОВ,
Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы

БАС ҚАЛА БЮДЖЕТІ НАҚТЫЛАНДЫ

Астана қаласы мәслихатының кезектен тыс сессиясы елорданың 2023-2025 жылдарға арналған бюджетін нақтылауға арналды. Жиынға қала әкімінің орынбасары Ерлан Бекмырзаев қатысты.



Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

Қалалық Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Қайсар Маңқараев қала бюджетіне енгізілген өзгерістермен таныстырды. Оның айтуынша, биыл әлеуметтік салаға 9,1 млрд теңге бағытталды. Бұл қаржы денсаулық сақтау, білім, мәдениет және спорт салаларына бөлінді. Атап айтқанда, вакциналарды сатып алуға, қаланың емханаларын күрделі жөндеуді аяқтауға, көпбейінді аурухана салуға, медициналық жоспарлау жөніндегі қызметтерге жұмсалады. Сондай-ақ білім беру нысандарын ағымдағы және күрделі жөндеуін аяқтауға, қосымша білім беру ұйымдарын ұстауға, жаппай оқытуға, мемлекеттік шығармашылық және спорттық тапсырысты іске асыруға бағытталды.

– Қаражаттың едәуір көлемі тіршілікті қамтамасыз ету инфрақұрылымын нығайтуға, жол-көлік желісін ұстауға және дамытуға бағытталатын болады. Құрылыстың басталуы және жалғасуына, қала көшелерін орташа және күрделі жөндеуге, қоғамдық көлік тасымалдаушылардың шығыстарын субсидиялауға, бағдарламалық нысандарының құрылысын жалғастыруға, нөсер көріздерін күтіп ұстауға, тазалауға, жылыту маусымын үздіксіз өткізу үшін отын сатып алуға, энергия өндіруші ұйымдарының шығындарын субсидиялауға, коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау мен салуға, реконструкциялауға, инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымын сатып алуға жұмсалады. Қаланы дамыту үшін қаржыландыру

жекелеген іс-шараларға да қарастырылды. 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеуге, кредит бойынша пайыздық мөлшерлерін субсидиялауға бөлінді, – деді Қайсар Маңқараев.

Баяндамашының сөзінше, осылайша енгізілетін өзгерістерді ескере отырып, елорданың 2023 жылға арналған нақтыланған бюджетінің жалпы көлемі 1 трлн 219 млрд 899 млн теңгені құрайды.

Мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы барысында бюджет жан-жақты талқылауға, депутаттар 38 ұсыныс енгізгенін, соның 36-сы қабылданғанын, екеуі бойынша тиісті құжаттар дайын емес екенін атап өтті.

Сондай-ақ жиында Астана қаласында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттары тізбесін айқындау қағидатын бекіту туралы қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Илья Скуб баяндама жасады. Депутаттар Мүгедектігі бар адамдар күніне орай біржолғы әлеуметтік төлемдерді көбейтуді бірауыздан қолдады. Тиісті төлем 2024 жылдың басынан I топтағы мүгедектер үшін 69 мың теңгені, II топ үшін 34 500 теңгені және III топ үшін 17 250 теңгені құрайды. Бұрын бұл төлемнің мөлшері шамамен 8 мың теңге болған.

Сонымен қатар сессияда елордада жасыл желекті күтіп ұстау, қорғау жұмысы, мемлекеттік қажеттіліктері үшін сатып алынатын жер телімдері туралы мәлімет берілді.



Айтбала ЕЛУБАЕВА,
Астана қаласындағы №55 «Қарақат» балабақшасының тәрбиешісі:

ЕРЕКШЕ СЕРПІЛІС ТУДЫРДЫ

– Балаға берілетін тәрбие мен білім балабақшадан басталады. Яғни баланың таным мен тәрбиесінің іргетасы балабақшада қаланып, мектепке жалғасады. Сондықтан да мектепке дейінгі тәрбие бағыты педагогикада ерекше маңызға ие. Осыдан болар, Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында мектепке дейінгі тәрбие сапасын түбегейлі жақсарту туралы тапсырма жүктеді. Яғни педагогикада жаңа дағдыны қалыптастыру қажет деп атап өтті.

Президент Жолдауы – еліміздің ілгері дамуына, бүгінгідей қиын кезеңде сеніммен қадам басуға мүмкіндік беретін маңызды бағдарламалық құжат. Мемлекет басшысы Жолдауында экономика халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға, халықтың сұранысын қанағаттандыруға бағытталуы керек екенін баса айтып, Үкімет пен мемлекеттік органдарға тиісті тапсырмалар берді.

Тәрбиеші ретінде өз басым бүлдіршіндердің білімінен бұрын тәрбиесіне ерекше мән беремін. Себебі бүгінгі уақытта тәлім теориясында заманауи стандарт көп. Жаңа ойлау дағдысын қалыптастыру үшін баланы қызықтырудың жаңа элементтерін қолдануымыз керек. Бұрын қағаздан қималар жасап, оны бала бейініне қарай түсіндіретін болсақ, қазіргі кезде балаға бұдан да қызығырақ, оны жалықтырып алмайтын әдіс-тәсілдерді енгізудеміз. Сол себепті көбіне тың идея іздеп, таным көкжиегін қалыптастыратын креативті сабақтар өткізуге тырысып келеміз.

«Әділетті Қазақстанды құрамыз десек, саяси-экономикалық реформа жасау жеткіліксіз. Ең бастысы, қоғамдық сана, азаматтардың ниеті өзгеруі керек. Онсыз басқа жұмыстың бәрі бекер. Мен бұл туралы Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында нақты айттым. Ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру еліміз үшін айрықша маңызды» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осы ретте әрбір азамат, әсіресе жастар ең жақсы қасиеттерді бойына сіңіруі қажет. Бұл жұмыстардың барлығы да балабақшадан басталуы керек деп есептеймін. Бүлдіршіндеріміздің отаншыл, білімпаз, еңбекқор, тәртіпті, адал әрі әділ болуы жолында балабақшадағы педагогтар қолымыздан келгенінше аянбай еңбек етіп, тер төгіп келеміз.

Қазіргі бүлдіршіндердің ертең мықты азамат болып қалыптасуында балабақша тәрбиешілерімен бірге ата-аналардың да үлесі мол екенін ескерсек, Астана қаласы Білім басқармасына қарасты біздің мекемеде бұл мәселе дұрыс жолға қойылған. Үнемі ата-аналармен жиналыс ұйымдастырып, мерекелік атаулы ертеңгіліктерді бірге өткізіп келеміз. Жақында балабақшамыздағы «Балдәурен», «Балбөбек», «Қызғалдақ» және «Бәйшешек» топтарында отбасы күні мерекесіне орай ашық тәрбие сағаты ұйымдастырылып, оған ата-аналар да белсене атсалысты.

Жолдауда айтылғандай, Үкімет ең төменгі жалақы мөлшерін біртіндеп өсіре береді. Азаматтардың табысын арттыру үшін 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жалақы мөлшерін 85 мың теңгеге дейін көтеруді тапсырғаны, осылайша, еңбекақының ең төменгі мөлшерін үш жыл ішінде екі есе көбейткені ел ішінде ерекше серпіліс тудырды. Келер жылдан бастап мұғалімдердің жалақысы 25 пайызға артады, алдағы жылдарда да бұл үдеріс жалғасын таппақ. Бұл үшін мемлекет тарапынан алдағы 3 жылда 1,2 триллион қаржы бөлінеді. Мұғалімдердің айлығын көтеру мәселесі де өте орынды. Сондай-ақ 5 жастан асқан балаларға арналған «Келешек» атты бірыңғай ерікті жинақтау жүйесінің енгізілетіні қуантты. Бұдан өзге су ресурстарының жетіспеушілігі, жол жөндеу, игерілмеген жерлерді қайтару және тағы басқалар, цифрландыру бойынша бірқатар мәселе көтерілді. Бүгіннің өзінде көптеген қызметті үйде отырып-ақ алуға мүмкіндік бар. Осының бәрі – даму мен алға жылжудың айқын көрінісі.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек». Қазіргідей жаңарған жаңа заманда еліміздің әрбір азаматы жоғары білім мен табанды еңбектің нәтижесінде ғана биік белестен көріне алатынын балабақшадан бастап балалардың санатына сіңіріп, олар келешекте терең білім алып, ерінбей еңбек етсе, еңбегіміздің жанғаны деп есептеймін.

Қысқасы, бұл жолғы Жолдауда азаматтардың тұрмыс-тіршілігіне, өмірлік маңызды мәселелерге және әлеуметтік қорғалуына барынша назар аударылды.

Бекзат ЖОЛЖАҚСЫНОВ,
Астана қаласы мәслихатының депутаты:

ӨЗГЕРІСТІ ӨЗІМІЗДЕН БАСТАЙЫҚ!

– Президенттің халыққа жолдаған Жолдауында қоғаммен ашық байланыс орнату, халықтың әл-ауқатын көтеру мәселесі, экономикалық-әлеуметтік бағыт-бағдары айтылды.

«Мықты мемлекет болу үшін саясимен бірге экономикалық өзгерістер қатар жүруі керек» деді Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев тиісті мекемелерге нақты тапсырмалар мен міндеттер жүктеді. Бастысы, Жолдауда айтылған бастамалардың іске асу мерзімі де айтылды.

Ел Президенті әуелі халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту жолында жасалып жатқан бірқатар шараға тоқталды. Халыққа зейнетақы жинағының бір бөлігін пайдалану мүмкіндігі берілді. Нәтижесінде миллионға жуық адам осы жобаның игілігін көрді.

«Небәрі бір жарым жылдың ішінде көптеген өзгеріс жасалды. Оған баршаңыз күе болдыңыздар, реформаны жүзеге асыру үшін белсенді түрде жұмыс істедіңіздер. Қолға алған шаралар нәтижесінде билік тармақтары арасында тиімді тепе-теңдік орнады. Басқару жүйесі ықпалды Парламенті бар президенттік республика үлгісіне көшті. Елімізде «күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасы барынша орнықты. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын нақты іске асыруымыз қажет» деді Жолдауда Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы қазір әлемде геосаяси ахуал ушығып тұрғанын айтты. Соған қарамастан, ел экономикасының негізгі бағыттары бойынша көрсеткіштер өсті деп атап өтті Президент.

Быттыр Қазақстанның ішкі жалпы өнімі 104 триллион теңге болды. Елімізде 28 миллиард доллар тікелей шетел инвестициясы тартылды. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Сыртқы сауда-саттық бұрын болмаған деңгейге, яғни

136 миллиард долларға жетті. Оның 84 миллиарды – экспорт. Сыртқы қорымыз 100 миллиард долларға жуықтады.

«Бұл, ең алдымен, экономикалық тұрақтылығымыздың аса маңызды кепілі екені сөзсіз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жолдауда балалардың қауіпсіздігі де айтылды. Президент көмелетке толмағандарға жасалған зорлық-зомбылықтың кез келген түріне қатысты жазаны күшейтуді талап етті.

Қасым-Жомарт Кемелұлы ең төменгі жалақы мөлшері өсетінін де тілге тиек етті. 2024 жылдан бастап ол 85 мың теңге мөлшерінде бекітілді.

«Біз бұған дейін уәде бергеніміздей, Үкімет ең төменгі жалақы мөлшерін біртіндеп өсіре береді. Азаматтардың табысын арттыру үшін 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жалақы мөлшерін 85 мың теңгеге көтеруді тапсырамын. Осылайша, біз еңбекақының ең төменгі мөлшерін үш жыл ішінде екі есе көбейттік» деді Мемлекет басшысы.

Бұл шара 1 миллион 800 мың адамның, оның ішінде бюджет саласында еңбек ететін 350 мың азаматтың әл-ауқатын арттыруға септігін тигізеді.

Жолдау барысында Президентіміз ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру аса маңызды міндет екенін атап өтті. Бұл бірінші кезекте жастарға бағытталып отырғаны рас. Оның дәлелі – «Келешек» атты бірыңғай ерікті жинақтау жүйесінің енгізілуі.

«Еліміздегі демографиялық өсім білімге деген сұранысты арттырады. Мемлекеттің білім саласына қатысты жұмысында тұтастық, яғни жүйе жоқ. Тіпті өзара байланыс жоқ деуге болады. Сондықтан бес жастан асқан балаларға арналған «Келешек» атты бірыңғай ерікті жинақтау жүйесін енгізуді тапсырамын.



Бұл бағдарламада мемлекет тарапынан ұсынылатын бастапқы білім беру капиталы, жыл сайынғы мемлекеттік сыйақы және инвестициялық табыс қарастырылуға тиіс. Осы жинақ пен «Ұлттық қор – балаларға» жобасының қаражаты қосылғанда, жас ұрпақтың сапалы білім алуына мүмкіндік туады» деді Мемлекет басшысы.

Елімізде АЭС салына ма, әлде салынбай ма? Бұл сауал өте жиі қойылады. Ал қоғам болса екіұшты пікірде. Қасым-Жомарт Тоқаев атом электр станциясын салу мәселесін де назардан тыс қалдырған жоқ. Осы маңызды мәселеге Президент Жолдау барысында нүкте қойған болатын. Нысанды тұрғызу не тұрғызбауды халық референдум арқылы шешеді. Ал оның уақыты әзірге белгісіз. Осы әрекеттің өзі әр азамат дауысы маңызының дәлелі емес пе? Өйткені негізгі билік халықта, яғни сіз бен бізде.

«Реттелетін сатып алу кезіндегі өз тауарларымыздың үлесін арттыру және офтейк жүйесін толық іске қосу қажет. Еліміздегі өнім өндірушілермен жасалатын офтейк келісімшарттардың үлесін кемінде 10 пайызға жеткізу керек. Бұл – жыл сайын 2 триллион теңге деген сөз. Мен быттыр қолданыстағы жүйенің бітпейтін дау-дамай, жұмыстың ұзақ мерзім, ашық еместігі сияқты түйткілді мәселелерін шешу үшін жаңа мемлекеттік сатып алу жүйесін енгізуді тапсырдым. Үкімет жаңа заң жобасын әзірледі. Бұл құжат бюджет қаржысын үнемдеп әрі есеп бере отырып жұмсауға септігін тигізуді керек» деді Президент.

Бір жағынан жаңа жүйе еліміздің кәсіпкерлеріне одан әрі қолдау көрсетілуін және ең бастысы қордаланған мәселелердің бюджеттен қаржыландыру арқылы шұғыл шешілуін қамтамасыз етуге тиіс.

«Сатып алу үдерісі оңтайланып, қысқартылады, «баға емес, сапа» қағидатына басымдық беріледі, яғни демпингке тиімді тосқауыл қойылады және үдерістер толық автоматтандырылады. Мемлекеттік сатып алу жүйесіне алғаш рет «басынан бақайшағына дейін» жасау тәсілі енгізіледі. Жұмыстың ашық болуын арыз-шағымдарды және қоғамдық мониторинг институтын енгізу арқылы қамтамасыз еткен жөн. Соның нәтижесінде алдағы үш жылдың ішінде реттелетін сатып алу саласындағы жергілікті өнімдер мен қызметтердің үлесі кемінде 60 пайызға жетуге тиіс» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент нарықта белсенді жұмыс істеп жатқан табысты орта кәсіпорындарға қолдау көрсету қажет екенін айтты. Мемлекет басшысы мұндай кәсіпорындардың әрқайсысына қатысты нақты жоспар әзірленетінін жеткізді.

Бір ерекше атап өтерлігі, Қасым-Жомарт Кемелұлы Жолдауда айтылған экономикалық және әлеуметтік реформалар 3 жылдың ішінде орындалуы тиіс деді. Ал аса күрделі міндеттерді жүзеге асыру үшін нақты мерзім бекітіледі.

Менің ойымша, демократиялық қоғам қалыптастыруда қазіргі таңда жүзеге асып жатқан реформалар алдағы уақытта жемісін береді. Бастаманың нәтижелі болуы барлығымызға тікелей байланысты. Оның ішінде Үкімет мүшелеріне, Парламентке және қоғамдағы әр азаматқа байланысты деп ойлаймын.

Біз бір ел болып, тек көрсеткіштерді ғана емес, санамызды да өзгертуіміз керек. Сондықтан бұған сіз бен біз болып атсалысуымыз қажет.

«Алдымен ойыңды түзе, ол сөзге айналады. Сөзіңді түзе, ол іске айналады. Ісінді түзе, ол әдетке айналады. Содан кейін өдетіңді түзе, ол мінезге айналады. Ал мінез – сенің тағдырың» деп Шәкәрім Құдайбердіұлы өз заманында айттып кеткендей, бұл – ойлы адам үшін өзгерудің дайын формуласы.

Өзгерісті өзімізден бастайық. Барлығы сіз бен біздің қолымызда!

ӨЗ АҚШАСЫНА ДА ӨСІМ ТӨЛЕЙДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Отбасы банктің» қызметін қайта қарау керегін баса айтып, басты назарды облыс орталықтарына емес, аудандарға, моноқалаларға және ауылдарға аударуды талап етті.



Қалиақбар УСЕМХАНҰЛЫ

Жалпы бұл жолы ғана емес, Президент әр Жолдауында халық тұрмысына қажетті өзекті түйіндерді ешқашан назардан қағыс қалдырған емес. Әсіресе баспана мәселесін оңтайлы шешу туралы бірнеше рет айтқан Президент бұл жолғы Жолдауында «Отбасы банктің» қызметін қайта қарау керек деген мәселені текке қозғап отырған жоқ деп ойлаймыз.

Әлеуметтік даму қарқынының үдеуі мен өмір сүру деңгейінің біртіндеп жоғарылауына сай, тұрғын үй мәселесі де маңызды мәселеге айналатыны белгілі. Өйткені тұрғын

Қазақстанда әлі де өзекті тақырып. Ел тұрғындарының тұтыну өресімен салыстырғанда, үй бағасының қымбаттығы, табысы төмен және орташа отбасылардың көптігі, жастардың баспана сатып алуға экономикалық қуатының жетпеуі, банк өсімінің жоғары болуы бұл мәселенің ойдағыдай шешілуіне келеңсізін түсіріп тұрғаны да көпке мәлім. Қатысты деректерге сүйенсек, бүгінгі таңда елімізде 621 мың адам үй кезегінде тұр, оның ішінде 402 мыңы – әлеуметтік осал топтағы жандар. Енді бұған үй кезегіне де тұра алмай, жыл – он екі ай үй жалдап, қиналып жүрген отандастарымызды қоссақ, бұл көрсеткіш бірнеше еселеніп кетеді, тіпті қазақстандықтардың тең жартысы баспанаға зәру.

«Отбасы банк» АҚ – елімізде тұрғын үй сатып алуға ыңғайлы жалғыз банк. Әрине, басқа банктер арқылы да үй алуға болады, алайда олардың несие өсімі өте жоғары болғандықтан, көп адамның қалтасы көтере бермейді. Сондықтан да үй алуға құлшынған азаматтардың көбі алдымен «Отбасы банкті» жағалайды. Алайда бұл банк арқылы үй алудың да өзіндік шарттары бар. Қарапайым тілмен айтқанда, бұл банк арқылы үй алу үшін алдымен осы банктен шот ашып, 3 жыл бойы қаржы жинауы тиіс. Банк белгілеген тәртіп бойынша тұрғын үй жинаған балға

сәйкес бөлінеді. Балдар депозитті толықтыру жүйелігінен және «Отбасы банктегі» депозит мерзімінен құралатындықтан, салымшының депозит ашқан уақыты ұзақ әрі жинаған қаржысы молайған сайын, соған сәйкес, балы да жоғарылайды. Бірақ бас қаладан үй алу үшін Астанада тіркеуде тұрғанына 2 жыл, депозит ашқанына 3 жыл толуы әрі алатын үйдің жалпы бағасының жарты ақшасы толық жиналған болуы шарт. Ең қызығы, депозит ашқаныңа 3 жыл толса да, үй алуға 2-3 миллион ақшаң жетпей тұрса да, сөзсіз, үй бағасының жартысын несиемен алуың керек. Егер депозит ашқанына 3 жыл толмаса, онда қазақстандықтар 3 жыл толғанша қарыз алған ақшасына 8 пайыз өлшем бойынша өсім төлеп қана қоймай, шотыңдағы өзі жинақтаған ақшасына да 8 пайызбен өсім төлейді. Мәселен, «Отбасы банктен» шот ашқанына 2 жыл толған азаматтар 10 миллион теңгеге үй алу үшін аталған банктен 5 миллион теңге қарыз алса, оған өзі жинақтаған 5 миллион теңгені қосып, 10 миллион теңгеге ай сайын 17 пайыз мөлшермен бір жыл бойы өсім төлейді. Қазақстандағы үй алғанға ең қолайлы банктің өзі осындай. Бұл, әрине, банкке тиімді, ал халыққа тиімсіз. Мүмкін Президент «Отбасы банктің» қызметін қайта қарау керек» дегенде банктің қарыз берудегі осындай келеңсіз жағын да меңзеген болса керек деп санаймыз. Ең бастысы, «Отбасы банк» депозит ашқан жыл мерзімін желеу етіп, азаматтарға өз ақшасының үстіне үстеме өсім төлететін қитұрқы амалын тоқтатуы керек.



СУДЫ ҚАЛАЙ ҮНЕМДЕЙМІЗ?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында суды үнемдеуге ерекше назар аударғанын білеміз. «Суды нормативтен артық жұмсағандар оның ақысын жоғары тарифпен төлеуі керек. Бір сөзбен айтсақ, суды барынша үнемдеуіміз қажет» деді Президент. Биыл 1 шілдеден бастап Астанада судың тарифі орташа есеппен 20 пайызға өсті. Екі айдан бері қала тұрғындары ай сайын келетін түбіртектегі судың бағасына бұрынғыдан көбірек ақша төлей бастады. Құзырлы мекеменің жаңа шешіміне сәйкес, судың бір текше метріне 58,15 теңге төлейміз. Ал канализация құбырының тарифі 45,28 теңгені құрайды. Жаңа тарифтер 2023 жылдың 1 шілдесі мен 31 желтоқсаны аралығына бекітілді.

Төлен
ТІЛЕУБАЙ

ТАРИФ НЕГЕ ӨСТІ?

Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің департамент басшысы Қанат Құлназаров бұл өзгерісті былай түсіндіріп берді:

«Астана қаласының сумен жабдықтау және су бұру саласында «Астана су арнасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны қызмет көрсетеді. Жаңадан бекітілген тариф аясында мынадай іс-шараларды іске асыру көзделген: біріншіден, су бұру желілерін жөндеп, реконструкциялауға, қондырғылар мен арнайы техниканы жаңартуға 1,2 млрд теңге қосымша инвестиция бөлу. Екіншіден, электр қуатына жұмсалатын шығынды арттыру. «Астана су арнасы» үшін бұл – стратегиялық тауар. Үшіншіден, кәсіпорын жұмысшыларының орташа номиналды айлығын өсіру. Осы айтылған айғақтарды есептесек, сумен жабдықтау және су бұру тарифі тұрғындар үшін орта есеппен 10 теңге көлемінде өзгертілді. 1 текше метр суық судың тарифі 48 теңгеден 58 теңгеге дейін, су бұру тарифі 7,5 теңгеге өсті».

Қаладағы су құбыры мен көріз желісінің тозу көрсеткіші 40 пайызға жеткендіктен, «Астана су арнасы» кәсіпорны ауыз су тарифін тұрғындар үшін шамамен 62 пайызға қымбаттатуды ұсынғаны мәлім. Құзырлы мекемеде дифференциалды тариф қолданылатындықтан, ауыз су бағасы жеке тұлғалар, жылу энергиясын өндіретін кәсіпорындар, бюджеттік мекемелер мен заңды тұлғаларға бөлек есептеледі. Мысалы, 1 шілдеге дейін тұрғындар үшін 48,46 теңгеден, жылу энергиясын өндіру, беру және тарату бойынша қызмет көрсететін кәсіпорындарға 152,91 теңгеден, бюджеттік ұйымдар және заңды тұлғаларға 211,55 теңгеден есептеліп келді. Бұдан бөлек, көріз құбыры жүйесінің (ағынды суларды бұру және тазарту) құны да өзгеріске ұшырамақ. Оның тарифін тұрғындар үшін бұрынғы 37,73 теңгеден 60,31 теңгеге дейін (өсім – 60 пайыз) өсіруді ұсынды. Алайда бұл тариф әзірше 45,28 теңгеге өсті.

Десек те елордадағы тарифтер еліміздің басқа қалаларындағы тарифтен әлі де төмен екенін көреміз. Мәселен, Астанада судың текше метрінің құны (ҚҚС-ті есептемегенде) – 58,15 теңге, Қарағандыда – 120,72 теңге, Ақтөбе облысында – 93,55 теңге, Солтүстік Қазақстан облысында

– 81,51 теңге. Жаңа тарифтерді ескі тарифпен салыстырар болсақ, бір бөлмелі пәтер үшін сумен жабдықтау және көріз үшін төлем (20 текше метр) шамамен 200 теңгеге өседі: 960 теңгеден 1160 теңгеге дейін, екі бөлмелі пәтерге орташа түбіртек (30 текше метр) шамамен 300 теңгеге: 1448 теңгеден 1748 теңгеге дейін немесе 20 пайызға өседі. Әлбетте, бұл қарапайым тұрғындардың қалтасына қатты салмақ салмайтыны анық.

ҚАЛАЙ ҮНЕМДЕЙМІЗ?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында суды үнемдеуге ерекше назар аударғанын білеміз. «Суды нормативтен артық жұмсағандар оның ақысын жоғары тарифпен төлеуі керек. Бір сөзбен айтсақ, суды барынша үнемдеуіміз қажет» деді Президент.

Бірақ біз қалай үнемге көшеміз, істі неден бастаймыз деген сауалдарға әлі толық басымызды қатырған жоқпыз. Себебі арзан су күн сайын шүмектен ағып тұр. Ол аздай, ауыз суды ішуге ғана емес, даладағы тал-ағаштарды суғаруға, көшелерді және көліктерді жууға да пайдаланып жүрміз.

Бажайлап қарасақ, Үкіметтің 2012 жылғы 17 қаңтардағы қаулысында ғимараттардың санитарлық-эпидемиологиялық талаптары белгіленген. Автокөлік жуу қызметі осы талаптарға бағынуы тиіс. Яғни көлік жуатын жердің техникалық талабында ғимаратты су жүйесімен жабдықтауда суды тазалап, кері айдатын құрылғы міндетті түрде орнатылуы керек. Қазір бұл талап орындалмайды. Сарапшы-мамандар бұл талапты бұзғандарға қатаң жаза қолдануды ұсынып отыр. Мәжіліс депутаты Сергей Пономарев суды қатты ысырап қылғандарға салынатын айыппұлдың көлемін бірнеше есеге көтеру керек деп санайды.

«Бізге қазір суға деген жабайы көзқарас бар. Көлік жуатын жерлер таза ауыз суды пайдаланады. Тіпті біздің кәсіпкерлер де бизнесінің құнына судың құнын қосып жазбайды. Олар әуелі жалақыны, одан кейін жанар-жағармайды, коммуналдық қызметтерді қосады, ал суға 1 тиын ақшасын да салмайды. Өйткені елімізде судың құны өте арзан. Таза ауыз судың бір текше метріне 77 теңге төлейсің, бітті. Бізде айтылып-айтылып жауыр болған мәселенің бірі – өнеркәсіптегі алып кәсіпорындар 30-40 жыл бұрынғы технологиямен жұмыс істейді. Көп суды ысырап қылатын соларға салынатын айыппұл мөлшерін күрт өсіруіміз керек. Нақты бір қолдану нормалары мен

су үнемдейтін технологияларды енгізіп, бекітетін уақыт жетті» дейді С.Пономарев.

Ал Су ресурстары комитетін көп жыл басқарған Ислам Әбішев суды тұрмыста үнемдеуге болғанмен, басқаша жолы қиындау екенін айтады.

«Қазақстан бойынша 1 млрд текше метр су тұрмыс қажетіне жұмсалады. Бұл – адамның өмір сүруіне қажетті нәрсе. Ал ауыл шаруашылығы дақылдарын суаруға 13 млрд текше метр су пайдаланамыз. Мысалы, Астанаға техникалық суды қайдан тасып әкелеміз? Әрине, Астана су қоймасынан. Бұл – қиуар шығын. Алдағы уақытта басқа жолдарын қарастыруымыз қажет. Әйтпесе судың шығынына қатысты мәселе күн тәртібінен түспейді» дейді ол.

КІМ ҚАНША ЖҰМСАЙДЫ?

Worldometers-тің мәліметіне үңірсек, Қазақстан Орталық Азияның өзге елдері сияқты су пайдалануда көштің басында тұр. Мәселен, елімізде күн сайын жан басына шаққанда жұмсалатын судың мөлшері 3,5 мың литрді құрайды. Салыстырып көрсек, көршілес Ресейде бұл көрсеткіш – баржоғы 1,3 мың литр, Гүржістанда – 1,2 мың литр, Украинада – 604 литр, ал Ұлыбританияда 348 литр екен. Түрікменстан тіпті 16,3 мың литр көрсеткішпен бәрінен алда келеді. Одан кейінгі орындарда Өзбекстан (4,8 мың литр), Тәжікстан (4,5 мың литр) және Қырғызстан (4,3 мың литр) орналасқан. Алпауыт ел АҚШ-тың өзі 3,8 мың литрмен осы елдерден кейін жайғасыпты.

Holidu ұйымының мониторингіне кірген әлемдегі 120 ірі қаланың ішінде де Астана, Алматы, Шымкент бар. Айтпақшы, 123 қаланың рейтингінде судың құны жөнінен Шымкент 117-нші, Астана 118-інші, Алматы 119-орынды иеленген. Халықаралық есеппен алғанда, Астанадағы судың 1 текше метрі 0,11 еуроға құрады. Бұл – әлемдегі ең арзан су. Алайда судың құнына ұқыппен қарайтын Карачиде 1 текше метр су – 0,08 еуроға, Каирде – 0,07 еуроға, Эр-Риядта 0,03 еуроға құрады. Осы 123 қаланың ішінде ең қымбат су Норвегия астанасы Ослода (5,51 еуро) екен. Норвегтердің жалақысы қазақтардан 7,7 есе артық болғанмен, Ослодағы судың тарифі Астанамен салыстырсақ 52 есе көп. Соған қарамастан, Норвегиядағы су тұтыну мөлшері біздікінен екі есеге дейін төмен, олар жан басына шаққанда бір күнде 1,8 мың литр су пайдаланады.

МЕКТЕП ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАШАН АЯҚТАЛАДЫ?

Астана қаласының «Өндіріс» тұрғын алабындағы өзекті мәселенің бірі мектеп жағдайы болып тұр. Қолданысқа жарамай қалған ескі мектеп-кешеннің орнына салынып жатқан жаңа мектептің құрылыс барысына тұрғындар наразы болып отыр.



Ғалым
ҚОЖАБЕКОВ

Ж ақында Астана қаласының екінші сайлау округынан сайланған Мәжіліс депутаты Дәулет Тұрлыханов құрылыс проблемаға айналып тұрған мектепке арнайы барып, мердігер компанияның басшыларымен, құрылысшылармен кездесті. Бұл жиынға Астана қаласы әкімінің орынбасары Нұрлан Нұрқенов, басқарма басшылары, мәслихат депутаттары, Атапат партиясы қалалық филиалының атқарушы хатшысы Сақтаған Сәдуақасов және тұрғын алаптың белсенді тұрғындары қатысты.

Бұл мектеп ескі №12 мектеп-кешеннің орнына салынып жатыр. Екі қабатты ескі мектеп-кешенде балабақша да болған еді. Әбден тозығы жетіп, апатты жағдайда деп танылған сол мектептің оқушылары 2020 жылдан бері басқа мектептерге ауыстырылған. Ал 600 орынға лайықталып салынып жатқан жаңа мектептің құрылысы түрлі себеппен кешіктіріліп жатыр. Осы мәселе бойынша Дәулет Тұрлыханов құрылыс компаниясы басшыларымен, қала әкімінің орынбасарымен, қалалық мәслихат депутаттарымен бірқатар мәселені талқылап, құрылыстың нәтижесінен баяулап тұрғанының себеп-салдарын айқындады. Құрылысты жүргізуші «Гидропром» ЖШС директоры Исламбек Құлтуманов ең басты мәселе қаржыландыруға байланысты болып отырғанын айтады. Қала әкімінің орынбасары Нұрлан Нұрқенов мектеп құрылысын бастаған бірінші мердігердің тарапынан жобалау жұмысында

қателік кеткенін, кейіннен ол құрылыс компаниясымен шарттық бұзылғанын, осындай жағдайға байланысты жобалау-сметалық іс-шаралар қайта жасалғанын жеткізді. Демек, осындай себептерге байланысты қаржыландыру процесі қайта қаралған, өзгерген.

«Қазіргі кезде қажетті қаражат көлемі нақтыланды, құрылысты жедел жүргізу үшін қаржыландыру ашылды. Күні кеше 200 миллион жіберілді, одан кейінгі ретімен жүргізіледі» деді қала әкімінің орынбасары.

Бүгінгі таңда мектеп құрылысында 120 адам жұмыс істеп жатыр. Құрылысты жүргізуге мүдделі тараптармен ағымдағы мәселені талқылап болған соң, Мәжіліс депутаты Дәулет Тұрлыханов қолда бар мүмкіндіктің бәрін мейлінше тиімді пайдалана отырып, мектеп құрылысын белгіленген мерзімнен қалдырмай бітіру қажеттігін айтты.

– Бұл жағдай қала шетінде тұратын адамдарға әлеуметтік қиындық туғызып отыр. Қаншама ата-ана мен балалардың проблемасы. Сондықтан бұл мәселе шешілуі керек. Балалар оқуын жаңа жылда жаңа мектепте жалғастыруы қажет. Әкімдік те, мәслихат та, басқа да тараптар өзіне тиісті жұмысты атқарады, – деді Д.Тұрлыханов.

Қала шетіндегі тұрғын алаптың, ел ішінде «Кирпичный» деп аталатын ауданның әлеуметтік проблемасы болып тұрған мектеп құрылысын депутат ұдайы назарда ұстайтынын айтты.

Сонымен қатар жиын барысында қала әкімінің орынбасары Н.Нұрқенов тұрғын алапта қоғамдық кеңістік және жекеменшік балабақша салынатынын айтты. Бұл бағытта жобалау жұмысы басталғанын жеткізді.



Тұрғындардың бос уақытында тынығатын, сейіл-серуен құратын осы аулалар соңғы жылдары «Халық қатысатын бюджет» жобасы арқылы абаттандырылуда. 2019 жылдан бері жүзеге асып келе жатқан жоба аясында аталмыш ауданда заман талабына сай барлық қажетті құралдармен жабдықталған аулалардағы әртүрлі жастағы балаларға арналған ойын алаңдары мен түрлі түсті қондырғылар, өткеншектен мен асфальтталған жаяу жүргіншілер жолдары – бәрі-бәрі тұрғындарға лайықталған. Мұнда немерелерін ойнатуға шыққан ата-әжелер үшін де әңгімелесіп, дидарласуға арналған жайлы орындықтар мен қоқыс жәшіктері, тіпті спортпен айналысамын дегендердің шынығуы үшін де барлық жағдай жасалған.

Алматы ауданының әкімі Мақсат Саматұлының айтуынша, бүгінгі таңда аудан аумағында барлығы 465 орамшілік аула аумағы мен 7 саябақ, 37 гүлзар орналасқан. Ағымдағы жылы аудан әкімінің аппаратымен 60 аулада абаттандыру жұмысы жоспарланып отыр. Бүгінде олардың үштен бір бөлігі орындалды. Мәселен, Ш.Құдайбердіұлы даңғылындағы №25/1, 29/1, Б.Момышұлы даңғылындағы №18, 18/1 үйлер мен Манас көшесіндегі №23/1 үйлердің ауласы «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы шеңберінде абаттандырылуда. Мұнда балалар мен көпфункционалды спорт алаңдары, құмсалғыштар, өткеншектен пайда болды, футбол мен стритбол алаңдары, шамдар орнатылды, көшеттер отырғызылды.

Аулаларды жөндеу жұмысы осы жылдың маусым айында

ТҰРҒЫНДАРҒА ЖАЙЛЫ АУЛАЛАР

Әр қаланың, әр үйдің ажарын кіргізетін жер – аула. Астана қаласындағы барлық бес аудан аумағындағы аулалар күн сайын көркейіп келеді. Мәселен, Алматы ауданының аумағындағы негізгі жұмыстар аулалар мен қоғамдық кеңістіктерді абаттандыруға бағытталған. Жалпы бұл аудан аумағында 36 сквер, 7 саябақ, 2 бульвар және 465 аула бар, оның 155-і жөндеуді қажет етеді.



рында уақытты тиімді өткізу үшін ғана емес, белсенді спорт түрлерімен айналысу үшін де жасалуда. Бұл ретте қала тұрғындарының өтініш-тілегі ескеріліп, әрбір елордалықтың талабы жауапсыз қалмайды. Мәселен, өткен жылы елордада С.Сейфуллин көшесі 9, 9/1, Бөгенбай батыр 35, Абай 63, Тархан 9, А.Пушкин көшесі

2,5 есе артты. Нәтижесінде қала аумағында 1 миллионнан астам жасыл желек, түрлі көшет пен көпжылдық гүлдер отырғызу жоспарланды. Есіл және Ақбұлақ өзені бойындағы саябақтарға жөндеу жұмысы жүргізілді. Оған құрылыс компаниялары да үлес қосады. Биыл жеке құрылыс салушылар өздерінің тұрғын үй кешенінің аумағында 100 мыңнан астам жасыл желек отырғызады.

Шаһар басшысының айтуынша, биыл абаттандырылған аулалар мен қоғамдық кеңістіктер, атап айтсақ, саябақтар, гүлзарлар, желек-жолдар саны 165-тен асады. Мәселен, Қ.Мұңайтпасов, Бейбітшілік бойында жаяу жүргіншілерге арналған променадтар ашылса, «Амман» және «Абылай хан» көпірлерінің астында жаяу жүргіншілер өткелі жасалып, олар Ақбұлақ өзенінің бойындағы саябақ кластерін біріктірді. Орталық жағалаудағы тарихи көшелер жаңарып, Есілдің оң жағалауын көркейту бойынша ауқымды жұмыс жүргізілді. Сарыарқа, Байқоңыр, Алматы аудандарындағы 130-ға жуық аула мен қоғамдық кеңістік абаттандырылуда. Бүгінге дейін 50-ге жуық аула мен қоғамдық кеңістік пайдалануға берілді. Мәселен, Ақбұлақ өзені жағалауының Амман көшесінен Тәуелсіздік даңғылына дейінгі бөлігі абаттандырылды. Сондай-ақ көпірлердің астында Ақбұлақ өзенінің бойындағы саябақ кластерін жалғайтын жаяу жүргіншілер өткелдері

ашылды. Қ.Сәтбаев көшесіндегі жаяу жүргіншілер жолының Қ.Мұңайтпасов көшесінен А.Петров көшесіне дейінгі бірінші бөлігі ашылды.

Есіл өзенінің жағасында Шабал Бейсекова көшесінен «Көктал» елді мекеніне қарай қоғамдық кеңістікті абаттандыру жұмысы жүргізіліп жатыр. Сонымен қатар қаланың ескі орталығындағы Желтоқсан, Бейбітшілік, Бұқарбай батыр, Ә.Мәмбетов сияқты тарихи көшелер көркеюде. «Агроқалашық» елді мекеніндегі Ақан сері – Фахд бен Абдул Азиз, Кенесары-Б.Бейсекбаев, Кенесары-Егемен Қазақстан, Қордай-Н.Ахметбеков көшелерінің қиылысындағы, Абылай хан даңғылынан Ш.Құдайбердіұлы даңғылына дейінгі жағалауында, К.Әзірбаев көшесі, 10, А.Храпатый көшесі және т. б. орындарда қоғамдық кеңістіктер абаттандырылды.

Бұдан бөлек, Бөгенбай батыр даңғылында Ш.Айманов көшесінен Ш.Уәлихановқа дейінгі 10 ауланы қамтитын шаршы алаңды абаттандыру жұмысы белсенді жүріп жатыр. Сондай-ақ Ш.Құдайбердіұлы даңғылы, 5, 31, 36/3; Р.Қошқарбаев даңғылы, 26, 39; Күйші Дина көшесі, 46/1, 46/3; Ғ.Мүсірепов көшесі, 9 және т. б. бойынша жұмыс жүргізілуде. Алматы ауданында барлығы – 66, Байқоңыр ауданында – 32, Сарыарқа ауданында 30 аула мен қоғамдық кеңістік абаттандырылды. Абаттандыру кезінде көгалдандыруға ерекше көңіл бөлінді.



басталды. Жобаны талқылауға барлық үй тұрғындары қатысып, іске асыру барысында әрқайсысының пікірі ескерілді. Сондай-ақ К.Әзірбаев көшесі, 8 мекенжайындағы аулада аумақты абаттандыру жұмысы жүріп жатыр. Жалпы аумағы 2 мың шаршы метр жерге жұмысшылар тротуар төсеп, спорт және балалар ойын алаңдарын, орындықтар, урналар, шағын сәулет нысандарын орнатуда.

Биыл «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасын жүзеге асыру аясында ауданда 100-ден астам тұрғын үй кешенінің аумағын абаттандыру қарастырылған. Барлық жұмыс қазан айына дейін аяқталады.

Алдағы жылы Абылай хан даңғылы бойынша, сондай-ақ Сарайшық шағын ауданындағы аулаларды абаттандыру жалғасады. Бүгінгі таңда аудандағы барлық аула сол аумақ тұрғындарының ұсынысы мен өтініш-тілегі негізінде дамып, ажарлана түседі.

Аула аумақтары мен қоғамдық кеңістіктерді ауқымды абаттандыру жұмысы елорданың барлық ауданында жалғасып келеді. Мұның бәрі елорда тұрғындары мен қоғамда-

1, 3/1, А.Кравцов, Целинный шағын ауданы және т. б. бірқатар мекенжай тұрғындарының тілегі негізінде ескірген аулалар мен бұрыннан бос жатқан жерлер және батпақты учаскелер абаттандырылды. Бұл аулаларда жаңа ойын және спорт тренажерлері орнатылып, алаңдарға резеңке төсеніштер төселді. Балалар ойнайтын аулалар шарбақпен қоршалып, түрлі түсті бояумен әрленді. Аулаларда ағаш егіліп, көгалдандыру жұмысы жүзеге асты.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Астана қаласын дамыту мәселесі жөніндегі кеңесте елорданы көгалдандыру мен абаттандыруға ерекше мән беруді тапсырған болатын. Бүгінгі таңда осы бағытта жүйелі жұмыс жүргізілуде. Сол кеңестен кейін-ақ бас қала әкімі Жеңіс Қасымбек мердігер компанияларға құрылыс сапасымен бірге қажетті инфрақұрылым – аулаларды абаттандыру және аумақты көгалдандыру міндетін жүктеді. Осылайша биыл қолданысқа берілетін тұрғын үй кешендерінің аумағын көгалдандыру жоспары қайта қаралып, жасыл желектің саны



«JOLTAR» ТЕГІН ОҚЫТАДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Айта кету керек, «Joltar» жобасы аясында оқыту толықтай тегін өтеді. Елорда тұрғындарына жаяу жүргіншілер үшін «Баршаға мүмкіндік» модульдік пункттері қаланың түрлі бөлігінде орналасқан және күн сайын, демалыссыз мына мекенжайлар бойынша жұмыс істейді:

* Жастар сарайы, Республика даңғылы, 34;
* «Тұлпар» СО, Ш.Уәлиханов көшесі, 24;
* «Euromall» СУ, Ш.Қошқарбаев көшесі, 24;
* «Ailand» СО, Қор-

ғалжын тасжолы, 2;
* «Встреча» СУ, Абылай хан даңғылы, 31;
* «Mechta» СУ, Сығанақ көшесі, 3;
* «Азия парк» СО, Қабанбай батыр даңғылы, 21;
* «Magnum» супермаркеті, Еділ көшесі, 26;
* «Саянұр» базары, Н.Тілендиев даңғылы, 24/5;
* «Big Шанхай» СУ, Алаш тасжолы, 32а.

Модульдік пункттердің жұмыс режимі: күн сайын сағат 10:00-ден 20:00-ге дейін, ал «Саянұр» базары мен «Big Шанхай» сауда үйінде сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін.

НӨСЕР КӘРІЗІ ТАЗАЛАНДЫ

Астанада биыл нөсер кәрізінен 620 тоннаға жуық лай мен қоқыс шығарылды. Сондай-ақ жыл басынан бері қалалық желілерге рұқсатсыз қосылу мен тұрмыс қалдықтарын шығарудың 108 фактісі анықталды.



«Elorda Eco System» мекемесі жерүсті ағынды суларды: коллекторлар мен нөсер суының құймаларын, булау құбырларын тазалау, нөсер кәрізі жүйелері мен тазалау құрылысын салу және т. б. жаңбыр суы ұңғымалары тазартылды – 3448 дана; буланған құбырлар – 8190 м.п.; тазартылған арық желісі – 89215 м.п.; жуылған коллекторлар – 48466 м.п. және т. б.

Сондай-ақ қалалық желілерге рұқсатсыз кірудің 108 фактісі анықталды. Жеке тұрғын үйлердің, кеңселердің және басқа да ғимараттардың иелері тұрмыс, құрылыс қалдықтарын, гигиена құралдарын

және т. б. заңсыз төгіп, нөсер ағындары мен тазарту құрылысының жұмысын бойынша жұмыс жүргізуде. Биыл жерүсті ағынды суы үшін 2,5 шақырым магистралдық нөсер кәрізі желілерін салу жоспарланып отыр.

ТӘШЕНЕВ ТАҒЫЛЫМЫ

Астанада мемлекет және қоғам қайраткері Жұмабек Тәшенев атындағы көше мен мектеп бар. Бұл – елордадағы мүмкіндігі шектеулі балалар – көру қабілеті бұзылған балалар білім алып, тәрбиеленетін бірден-бір білім ордасы. Көзі көрмесе де, көкірегі ояу, қабілетті балаларға бағыт-бағдар беріп, білімін жетілдіріп жатқан Жұмабек Тәшенев атындағы №10 мектеп-гимназиясына барып, оқу ордасының бүгінгі тыныс-тіршілігімен танысқан едік.

ТАРИХИ ТҰЛҒА ШАРАПАТЫ

Алаштың асыл тұлғаларымен қатар аталатын ұлт перзенті, ел басына күн туған қиын кездерде қасынан табылған Жұмабек Тәшенев – қазақ жерінің телім-телім болып ұстағанның қолында, тістегеннің тісінде кетпеуі үшін күрескен отаншыл қайраткер, ата-баба аманатына, өз еліне адал боп, жерін жатқа беруге қарсы шығып, есте қалған қайсар азамат.

Мектепте тарихи тұлғадан тәлім алған, тарихи жәдігерлерден, фотолар мен түрлі құжаттан құралған Тәшенев музейі орналасқан. Онда мектептің тарихы, ардагер ұстаздар туралы және Тәшеневке қатысты құнды мұрағаттар сақталған, мектеп түлектері туралы ақпарат жинақталған. Тәшеневке арналған кабинетте мемлекет және қоғам қайраткерінің өзі киген киімі мен жазатын машинкасы, қолданған заттары құнды жәдігерлер қатарында тұр. Жыл сайын мұнда Ж.Тәшеневке арналған республикалық ғылыми конференция ұйымдастырылады.

1972 жылы С.Буденный атындағы жалпы білім беру мектебі боп құрылған оқу ордасында 2005 жылдан бері коррекциялық (түзету) сыныптар ашылды, қазір жалпы осындай 18 сынып жасқалған. 2015 жылдан бастап көзі мүлде көрмейтін мүмкіндігі шектеулі балалар үшін арнайы сыныптар ашылды, қазіргі күні мұндай 5 сынып бар.

Жалпы Ж.Тәшенев мектебінде 1645 (негізі, 1360 орынға арналған) бала білім алады. Аралас мектеп болғандықтан, оқушылардың жартысы қазақ тілінде, жартысы орыс тілінде оқиды.

«2025 жылы Жұмабек Тәшеневтің 115 жылдығы жоспарлануда. Соған орай республикалық ғылыми конференция ұйымдастырамыз. Мұндай ғылыми жиындар мектепте жыл сайын өтіп тұрады. Еліміз бойынша Тәшеневтану бойынша елеулі еңбектеніп жүрген «Тәшенев мектептері» ұйымы бар. Олар Қарағандыда, туған жері Аршалыда, Петропавлда, Түркістанда, Ақтөбеде жұмыс істейді. Былтыр өткізген конференцияға үлкен ұлы Саян мен келіні Жәмила құрметті қонақ болып қатысты. Тәше-

невке қатысты материалдардың көпшілігін қабырғадағы заманға сай QR-код арқылы білуге болады» дейді Бақытжан Орынбаев.

ТӘЖІРИБЕЛІ БАСШЫ ТОЛҒАНЫСЫ

Мектеп директоры Бақытжан Шәріпбекұлы Орынбаев – білім саласының білікті маманы, Арқалық педагогика институтының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі мамандығын бітіргелі 27 жылдан бері осы салада табан аудармай еңбек етіп келеді, соның 17 жылында осы мектептің ыстық-суығы мен қуанышты жағдайларына ортақтасып келеді.

Бақытжан Шәріпбекұлы талапшыл, ұйымдастырушы басшы ғана емес, ерекше мейірімді педагог екенін заңи балалармен жылы сөйлескеннен байқадық. Әр баланың атын жатқа біледі. Оқушылары да ізетті, сонадайдан сыпайы сәлемдеседі.

«Диас, қай пән болады? Сабақ болатын сынып осы ма?» деген оның сұрағына Диас тұра қалып ықыластана жауап беріп жатты.

Көзі көрмейтін оқушылардың сыныбына кіргенде, өзін Мансұр Токсанбаев деп таныстырған



бала директордың қасына келіп, құшақтап, әкесіне еркелегендей еркін ұн қатты.

«Менің оншақты өлеңім бар шығарған, болашақта журналист болғым келеді, математика мен дене шынықтыру, орыс тілі пәндері ұнайды. Қазір Мұқағалидың ана туралы өлеңін оқып берейін» деп әдемі әуезбен өлеңді жатқа оқыды.

Келесі бөлмеде көру қабілеті бұзылған сыныптарда оқитын халықаралық, республикалық жарыстардың жеңімпазы Абылай Мұстафин пианино аспабында белгілі шығармаларды орындап отырды.

«Уайымдайтыным – осы балалар мектеп бітірген соң үлкен өмірге қалай бейімделер екен, кейін бір кәсіпті меңгеріп, жақсы маман иесі болса екен деп алаңдаймын, болашақта мамандықтар ашса... Біз қала бойынша осындай мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беретін болғандықтан, қажетті логопед, дефектолог, тифлопедагог мамандар жетіспей жатады. Сабақтан тыс уақытта әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау, емдік дене шынықтыру, мимика, тіл дамыту, кеңістікті бағдарлау қосымша пәндері жүргізіледі, яғни балалардың болашақта ересек өмірде өзіне

тамақ жасап, өмірге қажетті үй қызметтерін, шаруаларын үйретуге тырысамыз. 8-сыныптағы көру қабілеті бұзылған (заңи) Диас Айтуар мен Инсар Ізтілеуов атты оқушыларымыз биылғы оқу жылынан бастап қалыпты жағдайда оқитын сыныпта білім алуда. Сабақ үлгерімі, ынтасы өте жақсы, өзінің замандастарынан қалыспай оқып жүр. Соған қуанамын. Көру қабілеті бұзылған сыныптарда оқитын балаларымыз оқушылар арасында өткізілген шоуаудан, голбол, паракратеден паралимпиада жарыстарына қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүр. Мөлдір Жантөре, Абылай Мұстафин, Елизавета Хижняк халықаралық, республикалық өнер жарыстарына қатысып, түрлі байқаудың жеңімпазы атанды. Ендігі ойым – білім сапасын жақсарту мақсатында қазір тығыз орналасқан сыныптардағы балаларды азайту үшін мүмкіндігі шектеулі балаларды тек бастауышта, біздің мектеп базасында, сосын өздерінің тұрғылықты жері бойынша мектептерде оқыту. Бұл мақсатта мектебімізде биылғы оқу жылында көру қабілеті бұзылған балаларды оқытатын арнайы сыныптарда сабақ беретін мамандарды даярлайтын ресурстық орталық ашылды. Арнайы

пәндерді жүргізетін педагогтар тапшылығын азайтсақ деген тілек бар. Қазір мамандарды жоғары білікті маман Сәуле Сағынбаева оқытып жүр. Балаларға керекті сынып жабдықтарын демеушілер – «Дара» қайырымдылық қоры мен «Теңізшевройл» компаниясы. Өзімді толғандыратын үлкен бір мәселе – тәрбие. Ата-ана үнемі жұмыста, жұмысбасты, баланың үлгеріміне, өмірінде болып жатқан жағдайларға «уақыты жетпейді». Жақын тартып, әңгімелесіп, сырласпаған соң бала көше тәрбиесін, әсіресе, әлеуметтік желіде көргеніне қызығады, мұның арты не боп жатқанын өздеріңіз де көріп отырсыздар. Мен айтар едім баладан бұрын ата-ананы тәрбиелейтін адам керек. Мектеп – ата-ана – бала – осы «үштік одақ» бір-бірімен байланысып, ортақ мақсатқа ұмтылса ғана нәтиже болары сөзсіз. Ендеше ұлы ойшыл әл-Фараби айтқандай, «Тәрбиесіз берген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі». Мен осыған толықтай сенемін, – дейді мектеп директоры Б.Орынбаев.

Шынында да, тәрбие мен білім егіз, құстың қос қанатындай қатар жүргенде ғана елімізде білімді, білікті жастар өсіп-жетілетіні анық.

Бетті дайындаған Гүлшат САПАРҚЫЗЫ



ҰСТАЗЫ ДА, ҰСТАНЫМЫ ДА МЫҚТЫ

Бас қала мектептеріндегі «Elorda Aqparat» серіктестігі қызметкерлерінің «Мектеп және медиасуаттылық» тақырыбындағы кезекті кездесуі №38 мектеп-лицейінде өтті. Серіктестіктің жобасы аясында өткен басқосуда оқушылар «Астана ақшамы» газетінің журналистеріне өздерін толғандырған сауалдарын қойды, қалам ұстаған аға-апалары бар білгенімен, жиған-тергенімен бөлісті.

Бұл мектептің басқа оқу ордасынан бір ерекшелігі – тәрбиесі, білімі ерекше, дәстүрі қалыптасқан, ата-аналар қаланың басқа бөлігіне көшіп кетсе де, балаларын осы мектепке тасиды екен. Буллинг, басқа да келеңсіздіктер көбейген заманда ата-аналардың орнықты оқу ордасына сенім артуы түсінікті. Арасында шығармашылықпен айналысатын, сөз өнеріне, журналистикаға жақын оқушылардың сауалдары да қызықты болды. «Журналист болу оңай ма, не үшін осы мамандықты таңдадыңыз?», «Журналистиканың болашағы қандай?» деген сауалдарға газеттің шеф-редакторы Төлән Тілеубай, мобилограф Жансая Тәңірқұл мен осы жолдардың авторы жаңа медиа туралы, медиасуаттылыққа, мамандықтың қыр-сырына қатысты жан-жақты жауап берді.

«Журналист болғаныңызға өкінбейсіз бе?», «Ақша үшін материал жазған кезіңіз болды ма?» деп сұраған Фаризаның сауалына «Астана ақшамы» газетінің шолушысы Аманғали Қалжанов толымды жауап берді.

«Ұлтқа қажетті дүниелерді жазуға тырысамын. Өз ұлтымның мақсат-мүддесіне қайшы келетін нәрсені жазбақ түгіл, ойыма да алған емеспін. Айтпаққа еретін, ақшаға жазатын журналистер – бір топ та, мемлекеттік саясатты жазатын әріптестер – бір топ, олардың арасында салмақты дүниелер жазатын қаламдастарымыз бар. Маған оқырманға күйзеліс әкелген ақпараттан гөрі адамға қуаныш сыйлайтын, адамға күн сияқты сәуле шашатын нұрлы дүниелер ұнайды» деді ол.

Жақсы сұрақ қойған Фаризаға Төлән Тілеубай қолтаңбасымен кітабын сыйлап, 25 қазан – Республика күні қарсаңында өтетін, Астананың 25 жылдығына арналған оқушылар арасындағы «Ел жүрегі – елорда» атты шығармалар байқауына қатысуға шақырды, журналистерді жылы қабылдаған мектеп әкімшілігіне, директоры Қадырқазы Мұқановқа алғысын айтты.

Кездесуді түйіндеген мектеп-лицей директорының орынбасары Айгүл Сағитова қолынан смартфонды түспейтін, газет-журнал мен кітапты сирек оқитын жаңа заман жастары – Z буынына сөз өнері мен журналистика жайлы құнды мәліметтер беріп, арнайы уақыт бөліп келген қаламгерлерге шынайы алғысын білдіріп, талапты оқушылармен шығармашылық байланыс жасау жөнінде ұсыныс жасады.

1999 жылы ашылған, Ақмола Астана атанғалы зиялы қауым өкілдері балаларын апарған, ескі болса да, еңсесі биік мектеп білім сапасы жөнінен алдыңғылар қатарында. 2013 жылы қала мектептері арасында «Көшбасшы» атағын иеленген, қазір мұнда 2257 оқушы білім алады. Ең алғаш директор болған Жамал



Қасымбек атында педагогикалық шеберлік кабинеті бар. Онда мектептің жетістіктері, оқушылар мен мұғалімдердің алған марапаттары жинақталған. Сондай-ақ 2009 жылы ашылған мұғалімдердің жетекшілігімен оқушылардың қолымен жасалған қолөнер бұйымдарының көрмесі таңғалдырды. Онда ағаштан ою ойып, түйін түйген, сурет салған, қағаздан, матадан неше түрлі бұйым жасаған оқушылардың туындыларын көріп, тамсанып қайттық. Екі ауысыммен оқитын оқу ордасында

қазір жалпы оқушылармен бірге оқитын инклюзивті білім алатын жиырма шақты мүмкіндігі шектеулі бала бар. Олардың арасында өнерге талпынған, ғылымға жаңалық қосқан, республикалық «Зерде» байқауынан орын алған Асылжан Райымбекқызы секілді талантты балалар бар.

Алдағы уақытта мектеп әкімшілігі, бұйырса, Алашорда қайраткері, қазақтан шыққан тұңғыш математик Әлімхан Ермековтің атын беру жөнінде республикалық ономастика комиссиясының шешімін күтіп отыр.

Еліміздің бас қаласы Алатаудың баурайындағы әсем Алматыдан Арқа төсіндегі ежелгі Ақмолаға көшірілген күннен бастап шаһар дамуына үлес қосып келе жатқан жандар бүгінде саусақпен санарлықтай болса да бар. Солардың арасында Астананың алғашқы бас жоспары авторларының бірі, ҚР еңбек сіңірген сәулетшісі, Қазақстан Сәулетшілер одағының вице-президенті Серік Рүстембеков есімінің алар орны ерекше. 200 мыңдай ғана тұрғыны бар шағын қаланың алғашқы қадасын қағып, Есіл өзенінің сол жағалауын жаңғыртуға бағытталған тың жобаларды жүзеге асырған белгілі сәулетші газетіміздің тілшісімен болған сұхбат барысында еліміздің басты шаһары қалай өзгергені және оны көркейту үшін әлі не істеу керектігі төңірегінде әңгіме өрбітті.

– Серік Исаұлы, Астананың алғашқы бас жоспары қалай жасалды? Әңгімені осы тұстан бастасаңыз.

– Елорданы Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы саяси шешім менің өмірімде ерекше рөл атқарды. Ол кезде елдің жағдайы белгілі, бюджет қызметкерлері уақытында жалақысын ала алмай, Қарағандының кеншілері шеруге шығып, құрылыс әбден тоқтап, еліміздің экономикасы тоқырап тұрған тұс еді. Көпшілік астананың ауысатынына сенген жоқ. Бірақ, шешім қабылданды. Сол сәтте біз, Алматыдағы бір топ тәжірибелі сәулеткерлер бір-бірімізбен ақылдасып, болашақта астана көшсе, оған бас жоспар керек деп, өзіміз соған ыңғайлана бастадық. Сөйтіп, Ақмолаға келіп, біраз мәліметтер жинап, кеңес құрып, жердің жағдайымен таныстық. Сонда көзіміз Есілдің сол жағалауындағы бос жерге түсті. Жаңа қала осы жерде болуы керек деп болжап, өз ойымызды қағазға түсіріп, сол кездегі Мемлекет басшысына ұсынысымызды баяндап бердік.

Бастама Президентке өте ұнады. Содан халықаралық конкурс жарияланып, бас қаланың негізгі эскизі таңдалды. Біз Алматы мен Астана сәулетшілерінен құрылған шығармашылық бірлестік сол конкурсты жеңіп алдық. Осылайша, 1996 жылы Ақмолада «Ақ Орда» жобалау-құрылыс компаниясы құрылды, ол Қазақстанның жаңа астанасы Ақмоланың бас жобалаушысы болды. Әріптестерім оның бастығы етіп мені сайлады. Сол жылы мен Алматыдан өзім туып-өскен қалаға жаңа шаһар салу үшін сәулетшілер десантын алып келдім.

1999 жылы үкімет үлкен Бас жоспарға халықаралық конкурс жариялады. Сонда өте атақты жапон архитекторы Кисе Курокава жеңімпаз болды. Белгілі сәулетшінің есімі бізге сонау студент кезден мәлім болатын. Оның шетел журналдарындағы мақалаларымен, жобаларымен сол кезден таныс едік. Шындағында, Бас жобаны жасауға ол кезде бюджетте ақша да болған жоқ. Ал жапон архитекторының артында халықаралық қор тұрды. Сол қордың шарты бойынша бұл іске жергілікті мамандар қатысуы керек еді. Сөйтіп біз атақты сәулетшімен жақынырақ танысып, бірге қызмет етуге кірісіп кеттік. Сол тұста бүгінде мен жетекшілік ететін «Орта» деген фирма тіркелді. Бас қаланың тарихы осылайша басталып кетті.

Өмір өзгерістерін толығымен есепке алу мүмкін емес қой. Бұрынғы есептің сыртында халық санының тез өсіп кеткені бас жоспарға өзгеріс енгізуге себеп болды. Болжам бойынша 2020 жылға дейін Астана халқының саны 800 мыңнан аспауға тиіс еді. Бұл аспаннан алынған жоқ, мамандандырылған екі институттың мәліметтеріне сүйене отырып жасалған зерттеулердің нәтижесі болатын. Қазір қала тұрғындары 1 млн-нан асып кетті. Оның үстіне елорданың жан-жағындағы Қосшы, Қоянды, Талапкер, Ильинка секілді елді мекендер де ерекше қарқынмен дамып келеді.

– Ол кезде Есіл өзенінің сол жағалауы құр батпақ пен қамыс жайлаған бос жер еді ғой. Сол сайын далада



Серік РҮСТЕМБЕКОВ,
Астана қаласы Сәулетшілер одағының төрағасы,
«ОРТА» ЖШС жобалау компаниясының директоры:

ШЕТЕЛГЕ ШЫҚСАМ, АСТАНАҒА АСЫҒАМЫН

ғажайып қала тұрғызылатынына сенгендер болды ма?

– Жоқ, әрине. Иә, ол тұста Есілдің сол жағалауы иен дала еді. Бұл маңда Комсомольский атты шағын аумақ, қаптаған дачалар ғана болатын. Астананың қай уақытта осындай көркем шаһарға айналғанын өзіміз де сезбей қалдық. Өйткені осыдан ширек ғасыр бұрын бұл қаланың сипаты мүлдем басқаша болатын. Қазіргі бойымен көк тіреген зәулім үйлердің орны қамыс өскен саз батпақ еді ғой. Есілдің сол жағалауына ел қонады дегенге ешкім сенбеді. Сол жағалауға ешкімнің барғысы келмейтін, өйткені ешқандай инфрақұрылым жоқ.

Президенттің бұйрығымен Ақорданың құрылысы басталғанда басқа инвесторлар қызығушылық таныта бастады. Осылайша, сол жағалауда «Ақорда» резиденциясы, «Қазмұнайгаз» бен «Бәйтеректің» қазығы қағылды. Кезінде сары дала болып жатқан аумақтың жайқалған желекке оранып, көркем шаһарға айналғаны, әрине, көз қуантады.

Қаланың ішінен жарып өтетін тамаша Есіл өзені, оған құятын екі бұлағы Ақбұлақ пен Сарыбұлақ және бірнеше бульварлар бар. Біздің мақсатымыз – ең бірінші қала сыртынан жасыл аймақ жасау, жасыл желектерді өзеннің және бұлақтардың бойымен қалаға кіргізіп, сыртқы ормандарымен қосып, қала структурасына жалпы су, көк өсімдіктер енгізіп, қаланың ішін табиғаттағыдай етіп, адамның күнделікті тұрмысына ыңғайлы ету болатын. Бас жоспар осындай мақсатпен жасалған. Бірақ, географиядан белгілі, жер шарының айналуына және айдың әсеріне байланысты қай өзеннің болсын оң жағалауы биік, жар, ал сол жағалауы жазық болады. Тарихта осыған ұқсас талай деректер бар. Бізде де жазғытұрым Есілдің сол жағалауын өзеннің тасқын суы басып кеткен жағдайлар болған. Сол қауіпті ескеріп, бас жоспардың жалғасы ретінде бір үлкен мемлекеттік бағдарлама жасап, сол жағалауды инженерлік қорғау қолға алынды. Осы бағытта өзеннің жобасын 20 жылға жобалап шықтық.

Қаланы апаттан қорғау үшін инженерлік-гидротехникалық шешімдермен өзенді түзетіп, кеңітіп, тереңдетіп, жағалауларын безендіріп, осы қаланың ішінен өткіздік. Жоғарыдан тасқын су келгенде қаладан тура өтіп кететіндей жағдай қарастырылып, жасаңды екі арал жасалды. Көпшілік біле бермейді, өзеннің ұзындығы – 37 км, біздің ұжым соның әр метрін жобалап шықты. Соның

80 пайызының құрылысы аяқталып, іске қосылды.

– Елорда тұрғындары мен қала қонақтарының ең әдемі және сүйікті демалыс орындарының бірі – Есіл өзенінің жағалауы. Бұл да сіздің көп жылғы еңбегіңіздің нәтижесі. Өзеннің сол жағалауына жан бітіріп, көптің астына кеме жүргізу идеясы қайдан туды?

– 2005 жылы Президентке қала ішінде өзенге кеме жүргізу концепциясын ұсындық, ол қабылданды. 2007 жылы бұл бағдарлама іске қосылып, бірінші кемелер пайда болды. Қазір қаланың тұрғындары ондағы үлкенді-кішілі 17 кемемен серуендеп жүр.

Жалпы, әлемде өзен жағасына салынған қалалар аз емес. Өзенге көңіл бөлу себебіміз, ол жалпы бас жоспарға үлкен әсер етті. Белгілі дүниежүзілік астаналарда Москва, Санкт-Петербург, Париж, Лондон бәрінде де өзен бар. Біз де шағын болса да өзенімізді кеңейтіп, біраз көркейткіп, безендіріп, қаланың жалпы ландшафтының ең басты бір элементі еттік.

Қазір қарасаңыз, өзеннің жағалауы нағыз қала тұрғындарына, қонақтарға серуендеп, қысы-жазы демалып жүретін жерге айналды. Бүгінде қала тұрғындары мен туристердің ең сүйікті демалыс орнына айналған өзеннің жағалауы – жазда жағасы жанға сая болса, қыста коньки, шаңғы, сырғанақ тебетін таптырмас жер. Есілде кеме жүргізу жобасы әу баста елорданың туристік тартымдылығын арттырып, қаланың сыртқы көрінісін ажарландыра түсу мақсатынан туындағаны белгілі. Бүгінде мұнда шетелдіктер де жиі келеді.

Алғашында бұл Тельман мен Газ аппаратура зауыты аралығындағы 20 шақырым жерді автобуспен барғанша, осы кемемен жүріп өтуге ыңғайластырылған жоба болатын. Өкінішке қарай, бүгінде кемелер жөндеуді қажет етіп тұр.

Өз басым шетелге шыққанда көбіне көліктің осы түріне отырғанды ұнатамын. Өйткені қаланы жаяу аралаудан аяқ шаршайды. Ал кемеде тамаша, тынығып отырып, тамағын мен сусыныңды ішіп, дйттеген жеріңе кептеліссіз әрі еш кедергісіз жетесіз. Керемет емес пе?!

– Кептеліс демекші, соңғы кездері қалада жолдар кеңейтіліп, жаңа көпірлер бой көтергенімен, кейбір көшелерде көлік тығыны азаймай тұр. Сіздіңше, себебі неде? Жалпы бұл мәселеден құтылудың жолы бар ма?

– Әрине, бұл – үлкен мәселе. Басты себеп, біріншіден, қаланың транспорт-



тық жоспары дұрыс есепке алынбаған. Оның үстіне қай қала болса да, қаланың орталық жағын айналып, қай бағытта болсын тоқтамайтын, үздіксіз қозғалыс магистралі болуы керек. Мысалы, қазір Астананың қандай кең көшесімен жүрсеңіз де, алдыңыздағы бағдарламға барып тірелесіз. Сондай светофорсыз жол тобырлары, яғни развязкалар болса, онда әр бағыт өз бетімен, бір-біріне кедергі келтірмей, біраз мәселе шешіледі. Елордада осындай магистральдың тапшылығы сезіледі. Бас жоспарда бұл мәселе қарастырылған. Дегенмен, жол тобырына көп жер көлемі керек. Кезінде өте қажетті жол тораптары тұрғызылып, қала құрылысында біраз қателіктер орын алды. Енді қазір оны түзету үшін қаражат және уақыт керек.

Кептелістен құтылудың бірден-бір жолы – развязкаларды көбейту. Тағы бір үлкен мәселе, бұрын кеңес заманында шағын аудандарда мектеп, балабақша, дүкен, дәріхана, химиялық тазалау, шаштараз деген көп болса 500 метрден аспайтындай аумақта орналасатын. Қазір ше, тұрғындардың жұмыс істейтін жері ана шетте, мектеп мына шетте, балабақша тіпті басқа жақта, соның салдарынан адамдар қарама-қарсы бағытта ертелі-кеш сартылдап бірін-бірі тасымалдайды да жүреді. Қаладағы көлік кептеліссіз азаймауының тағы бір себебі – осы.

– Бүгінгі бас қаланың 100-ден астам ғимаратында сіздің қолтаңбаңыз барын білеміз. Солардың ішінде

«Самал» шағын ауданын жобалап, салған кездер есіңізде ме?

– Әлбетте. Астана Арқаға ауысқаннан кейін орталық мемлекеттік органдарды орналастыру күн тәртібіндегі маңызды мәселе болды. Осы орайда біз ескі орталықты жаңғырту жұмыстарымен айналыстық. Бұл үйлерді салу басында Қазақстанның атақты құрылыс компанияларына ұсынылды. Кейін бұл жобаны түріктер қолға алды. Сөйтіп, «Самал» шағын ауданында 9 және 12 қабатты 718 пәтер салынды. Сол үйлердің сыртқы бояуы әлі күнге дейін сол қалпында сақталған. Баршаға белгілі, ол кезде сапаға көбірек көңіл бөлінуші еді.

Уақыт өте келе астанамыздың бейнесі қалыптаса бастады. Жаңа ғимараттар қаланың көркін аша түсті. «Самал» тұрғын үй кешенімен бірге мен «Милениум», «Галереясын», «Бизнес сервис орталығын», Қаржы министрлігі алдындағы алаң, Астаналық саябақтағы «Аквапарк» кешенін, «Қазақ халқына алғыс» монументін, «Ұлытау» аллеясын жобалау, салу жұмыстарына тікелей араластым. Осылайша, отандық және шетелдік ең үздік сәулетшілермен бірге астанамыздың жаңа келбетін қалыптастырдық.

Өкінішке қарай, қазір құрылыс сапасы төмендеп кетті. Мысалы, бүгінгі құрылысшылар үйлердің қасбетін қаптауда, оның бекітетін заттары да, есіктер, цемент, арматура, бәрін бағасына қарайды. Бәріңізге мәлім, бизнестің заңы шығынды неғұрлым азайтып, табысты ұлғайту. Дегенмен, бұл ретте бақылауды күшейткен жөн. Жауапкершілікті сезінуі керек, мемлекеттік сараптама мен техникалық шешімдер дұрыс болуы қажет. Бұрын жобаны қабылдау үшін мемлекеттік комиссия болатын. Қазір бәрі басқаша. Оның үстіне бүгінде тәжірибесі, білімі жоқ мамандар көбейіп кетті. Жауапкершілікті сезінбеудің салдары құрылыстағы небір келеңсіздіктерді тудырып отыр.

Шетелде заң біздікіндей емес, қатал. Жасырағыны жоқ, қазір құрылыс үлкен бір бизнеске айналып барады. Оған қызықпайтын адам жоқ. Олар құрылыста қалыптасқан ережелер барын, жобалау тәртіптерін ескере бермейді. Қазір кейбір бақылаушылар лицензияны сатып ала салады. Авторлық және техникалық бақылаушылар құрылыс барысын жіті қадағалауы қажет. Себебі қай істе болсын ең басты мәселе – сапа. Бірақ, бұған мән беріп жатқандар шамалы.

Кеңестер заманында жобалаумен айналысатын көп болса, 200 контора болатын. Ол кезде әр министрліктің өз жобалау компаниясы және облыста олардың филиалдары жұмыс істеуші еді. Қазір Қазақстанда 15 мың жобалау компаниясы бар.

– Серік Исаұлы, өміріңізде Астананың алар орны ерекше екені белгілі. Өзіңіз тұрғызып қаланың келешегін қалай елестетесіз?

– Осындай тарихи жағдайға қатысып, ел астанасының салынуына, оның дамуына үлес қосқаным – мен үшін үлкен құрмет, мәртебе. Ең бастысы, ойдағы нәрсені қағаз бетіне түсіріп, оның іске асырылуына куә болу, әрине, үлкен бақыт.

Астана – тек менің, тұрғындардың ғана емес, еліміздің мақтанышы. Бәріміз де осы елордамен мақтанамыз. Балалық шағым Астанадан алпыс шақырым жерде орналасқан шағын ауылда өтті. Анаммен Ақмолаға келгенде, ауылдан шыққан автобус қазіргі «Пуча» дүкенінің алдына келіп тоқтайтын. Сонда бөтен қалада адалып кетпейін деп, анамның етегінен мықтап тұрып ұстап алатынмын. Қазір қарап отырсам, ол кезде қала кіп-кішкентай болған екен-ау. Енді, міне, алпыс астанаға айналған елордадан ешқайда кеткім келмейді. Бір жаққа шықсам, Астанаға жеткенше асығамын.

Алматыда оқып, білім алып, жұмыс істеу кезінде әр қазақтың арманы болатын. Сол жерде 30 жыл тұрдым, қызмет еттім. Бірақ, қазір Алматыға барсам, көп болса бір-екі күн ғана боламын, кейін қайтадан осында келгім келеді де тұрады.

Бүгінгі елордамыз келешекте жиырма бірінші ғасырдың ауыз толтырып айтатындай үлкен қаласы бола берсін! Астанада қызмет ету, Астана үшін еңбек ету, Астанамен бірге өсу, өрлеу – бұл үлкен мәртебе. Сол үшін де тағдырыма өте ризамын.

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

МАЛДЫ ДА МАМАН ЕМДЕСІН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» Жолдауында «Ветеринария саласын жетілдіру қажет. Мал басының амандығы және өнімділігі жергілікті ветеринарлардың тиімді жұмысына байланысты. Бұл, түптеп келгенде, ауылдағы ағайынның әл-ауқатына тікелей әсер етеді. Ветеринария қызметі қазіргі заман талабына сай болмаса, ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын арттыру мүмкін емес» деп атап көрсеткен еді. Ендеше, Президенттің осы пәрменімен бірлестіре отырып, мал басының амандығын қадағалайтын мал дәрігерлерінің біліктілігі қандай, ауылдарда мал дәрігерлері жеткілікті ме? деген сұрауларға жауап іздеп көрейік.

**Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ**

АУРУЫН АНЫҚТАМАЙ ДӘРІ БЕРЕДІ

Ауылға барсам, көршіміздің жалғыз биесі аласатып ауырып тұр екен. «Танертең сап-сау еді, аяқ астынан бұған не боп қалды?» деп иесі де әңкі-тәңкі күйде. «Шершеу емес пе?» деп едім, ол сөзімді елеген жоқ, телефон шалып, мал дәрігерін шақырды. Ол келіп ауақшып жатқан биені бір айналды да, бір бет қағазға укол-дәрі жазып беріп, «Ауданда жоқ, қаладан алдырасыңдар» деп өз жайына кетті. Ақы адал малын қарап тұрып өлтіретін емес, екінші ауылдағы мал дәрігерді шақырып еді, одан да қайыр болған жоқ, ол да 2 бет қағазды шимайлап жазып берді. «Сонда не ауру?» десем, «кім біледі...» дегендей иықтарын қисандатты. «Не ауру екенін білмесендер қалай дәрі-укол жазып жатырсыңдар?» десем, «онда сен емдеп жазып алмайсың ба?» деп шарқ ете түсті. Жылқы көз алдымызда өлуге айналды. Сөйтіп тұрғанда Моңғолиядан көшіп келген бір азамат келе қалды да, атынан секіріп түсіп өлгені жатқан жылқының танауын ашып көріп, «Шершеу екен, тез өткір кездік, ине, жіп әкеліңдер» деді де, білегін сыбанып іске кірісті. Жылқының танауын аздап тілді де, ісініп кеткен ақ шершеуді жіппен іліп тартып тұрды да жартылай кесіп алып тастады. «Жә, енді 15 минуттан кейін сілкініп орнынан тұрады» деді жайбаракат. Көрші-қолаңның бәрі сенер-сенбесін білмей аңтарылып қарап тұр еді, айтқанындай бие 10 минут сұлқ жатты да, аздан соң сілкініп орнынан тұрып, әлгі жігітке қарап «рақмет» дегендей оқы-

ранып жіберді. «Енді жарты сағат кешіксе, бие өлетін еді. Шершеу – (малдың танауына шеміршек өсіп кететін ауру. Ж.Бабалықұлы, «Мал ауруларының қазақша атаулары», Алматы, Қайнар, 1986 ж.) қазақ ежелден осылай емдеген» деді ол қолын жуып жатып. «Сіз мал дәрігерісіз бе?» деп сұрадым мен. «Ой, жоға, малшының баласымыз ғой, жастайымыздан көргеніміз бар, соған сүйеніп малымыз ауырса, өзіміз емдеп аламыз. Ал мыналарға сенсең малың арам өледі, қан алып, вакцина салғаннан басқа ештеңе білмейді» деп қасымызда қарап тұрған дәрігердің бетіне айтты да кете берді.

Байқаймын, бағанағыдай емес, мал дәрігерінің де арыны басылып, жуасып қалған сияқты. Бізге бір, ауруынан айығып жайылып тұрған жылқыға бір қарап, жапақ-жапақ етеді. – Сіздің жазып берген дәріңізді әкеліп емдейміз десек, расымен де мына жылқы арам өлетін еді. Сіз дәрігер болған 10 шақты жылдан бері осындай халықтық әдістерді үйренбедіңіз бе? – деп сөзге тартып едім, «шынымды айтсам, мұндай емдеу әдісін бірінші рет көріп тұрмын» деп ақталды.

Бабадан жалғасқан осы өнерді қазіргі заман мал дәрігерлігімен ұштастыра білсеңдер қандай керемет болар еді, – деп өз ойымды айтып едім, анау құлықсыздық танымтты.

Жалпы Қазақстанға келгелі мал дәрігерлерінің малдың ауруын дәп басып тауып емдегенін көргеміз жоқ. Келіп тексерген-сымақ болады да, «мал болмайды, сойып алыңдар» деген ақылдан әрі аспайды. Қаншама снырдың бұзауы теріс келіп, туа алмай өлді, оған да ешқандай әдіс-амал қолдана алмайтынын байқап, біліп жүрміз. Мал дәрігерлігімен айналысатын мамандардың



дені малдан қан алу, вакцина салудан басқаны білмейді. Малдан қатерлі жұқпалы ауру байқалмаса болды, күн өткізіп жүре береді.

МАМАНДЫҚҚА МӘН БЕРІЛМЕЙДІ

Президенттің тапсырмасынан кейін Ауыл шаруашылығын дамыту үшін үкімет тарапынан мал дәрігері мамандарына қолдау көрсету мәселесіне мән беріле бастады. Себебі мал ауырса, ауыл шаруашылығы саласы шығынға батып қана қалмай, ауру адамға жұғып, халық өміріне қауіп төнуі әбден

мүмкін. Бірақ қалай айтсақ та, қанша қаржы бөлінсе де, ветеринарлар әртүрлі аурудың алдын алу үшін екпе салу, малдан алынған ет, сүт, т.б. өнімдерінің жарамды-жарамсызын анықтаудан аса алмай отыр. Малдың ауруын бір көріп білетін білікті дәрігерлер жоқтың қасы.

2012 жылдан бастап ветеринария саласының мамандары да «Дипломмен – ауылға» бағдарлануын бір көріп білетін білікті дәрігерлер жоқтың қасы. 2012 жылдан бастап ветеринария саласының мамандары да «Дипломмен – ауылға» бағдарлануын бір көріп білетін білікті дәрігерлер жоқтың қасы.

Кеңес Одағы кезінде мал дәрігерлігі саласы едәуір дамығанымен, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында мал басы күрт кеміп, кезінде түкірігі жерге түспейтін мал дәрігерлерінің нарық заманы келгенде күні нашарлап, оның орнын заңгер, экономист, кеденші сияқты мамандықтар басты да, мал дәрігерлігі көп ешкім оқымайтын, қызықпайтын мамандыққа айналды. Оның сынан жапасы басым болғандықтан, жастардың көбі мал дәрігері мамандығын оқысы келмейді. Атап айтқанда, жалақысы төмен, жұмысы көп, қысы-жазы малмен алысып қорада жүргенде алатын айлығы 100 мың теңгенің әр жақ, бер жағында. Зат бағасы қымбаттап, мұғалімдердің, орманшылардың жалақысы өсіп жатқанда, бұл сала мамандарының еңбеккерлері 2013 жылдан кейін көтерілмеген. Жоғары оқу орындарында және колледждерде мал дәрігері мамандығын оқытқанмен, олар да теориялық білім беруден ары аса алмай отыр. Мамандық бойынша практикадан өткізіп, кәсіби біліктілігін шыңдау жағына мән берілмеді. Бөлінген грантты игеру үшін ғана оқытып жатқандай әсер қалдырады. Сосын да шығар, еліміздегі оқу орындарынан мал дәрігері мамандығын оқыған жастардың көбі оқу тауысқан соң, басқа кәсіптен нәпақа табуға көшеді. Соның әсерінен еліміздің 3000-ға жуық ауылдарда, яғни еліміздегі ауылдардың 44 пайызында ветеринар мамандары жоқ. 2013 жылы мал дәрігерлеріне берілген қызметтік «НИВА» автокөліктері де, малмен жұмыс істеуге қажет аспаптардың да тозығы жеткен.

ДӘРІГЕРДІН ДӘТІ БАР

Аспандияр Төреханұлы – 40 жыл мал дәрігерлігімен айналысқан маман. Сонау Моңғолия елінде осы мамандықты оқып, қызмет істей жүріп әбден меңгерген ол атажұртқа оралғаннан кейін де мал дәрігері болып жұмыс істеп келеді.

– Қазақстанда мал дәрігерлеріне мүлдем мән бермей отыр, – деп сөз бастаған ол 2000 жылдың басында өзара тәжірибе алмасу, мал дәрігерлерінің біліктілігін арттыру

мақсатында семинарлар өтіп тұратынын айта келіп, – соңғы 10 жылда бірде-бір семинар өткен жоқ. Дәрігерлер өздігінен үйренейін десе, оқу құралдары да жетіспейді. Біздің қазір қорада, малдың қасында болатын уақытымыздан компьютердің алдында отыратын уақытымыз көп, мал шаруашылығын цифрландырамыз деп мал дәрігерлерін қағазбасты ғып қойды. Оған біз емес, басқа адам жауапты болуы керек еді, – дейді.

Аспандияр жаңадан оқу тауысып келген жас мамандардың оқу деңгейі өте төмен екенін де айтып қынжылды. «Мал дәрігерлерінің жалақысы өте төмен болғандықтан, жастардың көбі келгісі келмейді. Ал келетіндері қағылған-соғылған, оқуды дұрыс оқымағандар ма білмеймін, малдың ауруы түгілі, компьютерге қатысты қарапайым нәрселерді өзін дұрыс білмейді. Қолдау жоқ, жалақысы аз болғандықтан, олар да біреу айдан соң кетіп қалады. Тіпті жастардың дені мал дәрігері болудан қашады. Себебі күндіз демей, түн демей шақыруларға баруы керек. Оған қазіргі жастар шыдамайды» дейді Аспандияр.

– Мен қазір екі округтің малына жауаптымын, 2 округте 2000 сиыр, 4000 қой, 1000-нан астам жылқы бар. Осы малға екпе салу, оның деректерін компьютерге енгізу жұмыстарының бәрін өзім жалғыз істеуге мәжбүрмін. Сондықтан, біріншіден, Үкімет мал дәрігерлерінің жалақысын көтеріп, олардың біліктілігін арттыруға мән беруі керек. Екіншіден, жас мамандарға көңіл бөліп, маман тәрбиелейтін оқу орындарының да сапасын қадағалауы тиіс. Үшіншіден, мал дәрігерлерінің мүддесін заңдық тұрғыдан қорғауды күшейту қажет. Төртіншіден, басы артық жоспарды, дәлірек айтсақ, әлдекімдердің табыс көзіне айналып кеткен басы артық екпе егуді тоқтату керек. Мәселен, біз бір бұзауға бір жылда 7 рет екпе салып, 2 рет қан алып, жалпы жиыны 9 рет ине сұғамыз. Шын мәнінде, сол 7 екпенің кейбіреулерін егудің түк те қажеті жоқ. Бұдан дәрігерлер де, малшылар да қажыды. Нақтап айтсақ, біз қазір қан алу, екпе салу жұмысынан аса алмай жүрміз. Себебі Қазақстандағы жүйе солай.

4 МЫҢ НАУҚАС АҒЗА ДОНОРЫНА КЕЗЕКТЕ ТҰР



Бұл туралы Астана қаласының коммуникациялар қызметінде Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Гүлназ Досмырзаева, Транспланттауды және жоғары технологиялық медициналық қызметті үйлестіру жөніндегі республикалық орталықтың қоғаммен байланыс маманы Жәнібек Успанов өткізген брифингте айтылды.

9 қазанда Қазақстан ағза донорларының тапшылығы мәселелерін көрсету және елімізде ағза донорлығы мен

трансплантацияны дамытудың маңыздылығы туралы қоғамның хабардарлығын арттыру үшін Еуропалық ағза

доноры күніне қосылады. Еуропалық ағза донорлығы және трансплантация күні медицинаның осы саласына адамдар

дың сенімін арттыру үшін 1996 жылдан бері өткізіліп келеді. Ол жыл сайын әртүрлі елдерде орган донорлығының қажеттілігі туралы қоғамның хабардарлығын арттыру, сондай-ақ ерікті және ақысыз донорлық қағидатын ілгерілету мақсатында өткізіледі.

«Бүгінгі таңда Қазақстанда донорлық органдарға сұраныс ұсыныстан едәуір асып түседі. Соңғы көрсеткіш бойынша, Құту парағында бүйрек, бауыр, өкпе, жүрек және «Жүрек-Өкпе» кешеніне мұқтаждар бар. Қазақстанда қайтыс болғаннан кейінгі донорлар бойынша статистика жеткіліксіз болып қалуда: 2022 жылы небәрі 4 мәйіттік донор 16 адамның өмірін сақтап қалды» деді Ж.Успанов.

Қазақстандағы Орган доноры күнінің басты мақсаты – қоғамның назарын қайтыс болғаннан кейінгі донорлықты дамыту мәселелеріне аудару және донорлықтың барлық аспектілері туралы халықтың хабардарлығын арттыру. Транспланттауды және жоғары технологиялық медициналық қызметті үйлестіру жөніндегі республикалық орталық

Ұлттық ғылыми онкологиялық орталықпен бірлесе отырып, 7 қазанда, Керей, Жәнібек хандар көшесі, 3 мекенжайы бойынша Ашық есік күнін өткізеді.

Трансплантолог дәрігерлер 18 жастан асқан науқастарға трансплантация бойынша тегін кеңес береді, сондай-ақ қайтыс болғаннан кейін органдардың донорлығына ниет білдіру, Құту парағын құру және жүргізу мәселелері бойынша, сондай-ақ туыстық ағза донорлығы мәселелері бойынша кеңестер береді.

«Астанада орган трансплантациясынан үмітті 536 науқас кезекте тұр. Бұл цифрлар Астана қаласы бойынша ағза донорлығын жедел түрде насихаттау және бұл әрекеттің маңыздылығы туралы ақпараттандырылған қоғам құру қажеттігін көрсетеді» деді Г.Досмырзаева.

Астанада республикалық іс-шаралармен қатар, мәселеге назар аудару үшін LED-экрандар мен автобус аялдамаларында, автобустарда орган доноры күніне арналған плакаттар мен бейнероликтерді орналастыруды қоса алғанда, бірқатар іс-шаралар жүргізілуде. Сондай-ақ

ұйымдастырушылар Ақбұлақ өзенінің жағасындағы «Өмір аллеясында» көшет отырғызу шарасын өткізді. Іс-шараға трансплантациядан кейін және күтудегі науқастар, трансплантолог дәрігерлер, Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының өкілдері, қоғам қайраткерлері қатысты.

Астана қаласының трансплантациялық және донорлық ұйымдарда, басқа да медициналық мекемелерде, әлеуметтік желілерде және басқа да ресурстарда, ағза донорлығы мен трансплантация бойынша іс-шаралар өткізіліп, ақпараттық материалдар орналастырды. Транспланттауды және жоғары технологиялық медициналық қызметті үйлестіру жөніндегі республикалық орталық сайтында Ағза доноры күні тақырыбында плакаттар, бейнероликтер, ақпараттық материалдар орналастырылады.

Органдар доноры күні Қазақстанның әрбір тұрғынын игі іс жасау мүмкіндігі туралы ойлануға және осы маңызды өмірді құтқару қозғалысының бір бөлігі болуға шақырады.

ХАЛЫҚТЫҢ ҮНІН КІМ ЖЕТКІЗЕДІ?

Төлен
ТІЛЕУБАЙ

БЮДЖЕТ ҚАРЖЫСЫН БӨЛУДЕ МӘСЕЛЕ КӨП

Медиазаңнама жөніндегі аймақтық сарапшы, Internews-тің заңгері Ольга Диденко медиа нарықтың ашықтығы мен БАҚ-тарды бюджеттен қаржыландыруға қатысты терең талдау жасады. Ол Заң жобасында еліміздегі мемлекеттік БАҚ-тарға анықтама беретін бап не ереже жоқтығын айтады.

«Мысалы, телеарнаның не газеттің мемлекеттік ақпарат құралы екенін кім, қалай анықтайтыны, оның қандай формада болатыны, кім және қалай қаржыландыратыны туралы заң жобасында бірде-бір сөйлем жазылмаған. Мемлекеттік БАҚ-тардың бюджеттен қаржыландырылуы қандай формада жүзеге асырылады? Егер шығындардың 100 пайызы мемлекеттік тапсырма есебінен жабылатын болса, мемлекеттік БАҚ-тар не себептен тағы мемлекеттік тапсырыс аясында ақша алады? Олардың мемлекеттен ақша ала отырып жарнамалық нарыққа қатысуы әділеттілікке жата ма?» деді О. Диденко.

Сарапшының пайымдауынша, заң жобасындағы ақпарат құралдарының жарғылық капиталының 50 пайыздан астамы мемлекетке тиесілі болса, ол мемлекеттік БАҚ болып саналады делінген норманың өзі қате жазылған. Өйткені жарғылық капиталының 51 пайызы мемлекетке, ал қалған 49 пайызы кәсіпкерге тиесілі болса, мемлекеттің қаражаты негізінде қасіпкердің баюына қолайлы жағдай туғызамыз. Яғни, заң жобасында «мемлекеттік БАҚ» және «мемлекеттік емес БАҚ» деген нақты анықтама болуы тиіс.

Заң жобасына енгізілуі тиіс ереженің бірі – БАҚ-тарға бюджеттен қаражат алуы үшін қойылатын талаптар.

«Мұндай ереже заңдық акті емес, заңнамалық деңгейде қабылданғаны жөн. Заңнамалық деңгейде реттеу болмаған жағдайда, ақша желге ұшып, заң бұзушылық іс-әрекеттер көбейеді, сыбайлас жемқорлыққа жол ашылады. Мәселен, медианы қолдауға бөлінетін қаржы қандай мақсатқа жұмсалады: әкімдердің жарнамасын жасауға ма, әлде, мәдениет, білім беру саласындағы жобаларды жүзеге асыруға ма? Сондай-ақ бюджет ақшасын алу және жұмсау үдерісін кім бақылайды? Медианарыққа бөлінген бюджет қаражатын жұмсауға парламенттік бақылау орнатылу керек пе? Бюджеттен қаржыландыруда қандай басымдықтар болуы керек: медианы және мемлекеттік тілдегі контентті қолдау ма, ретрансляция жасау үшін шетелдік контентті сатып алу ма? Міне, осындай ережелер заңда тайға таңба басқандай етіп жазылуы тиіс» деді медиазаңнама жөніндегі аймақтық сарапшы.

Ол Қазақстанда ресми түрде тіркелген БАҚ-тың 20 пайызы – мемлекеттік, қалған 80 пайызы жекеменшік екеніне қарамастан, бюджет қаража-

НЕМЕСЕ «МАСС МЕДИА ТУРАЛЫ» ЗАҢ ЖОБАСЫНДА НЕ ҚАМТЫЛҒАН ЖОҚ?

Жуырда Астанада «Әділ сөз» сөз бостандығын қорғау халықаралық қоры «Қазақстанның медиа кеңістігін құқықтық реттеуді реформалау: ашықтық, тиімділік және ақпараттық қауіпсіздік» атты дөңгелек үстел өткізді. Жиынға қатысқан медиасарапшылар, журналистер Мәжілісте талқыланып жатқан «Масс медиа туралы» заң жобасындағы кемшіліктерді ашық, батыл сынады. Медиазаңнама бойынша тәжірибесі мол халықаралық ұйымдардың мамандары заң жобасында жоқ медиа нарықтың ашықтығы, мемлекеттік БАҚ-тарды бюджеттен қаржыландыру, журналистердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету сияқты ең өзекті мәселелерді көтеріп, жиналған қауымның әділ талқысына шығарды.

ты әділ бөлінбейтініне нақты мысалдар келтірді. Мәселен, 2019-2021 жылдары мемлекеттік ақпараттық саясатты жүзеге асыруға ел бюджетінен 140 млрд 478,4 млн теңге бөлінген. Осы соманың 80 пайызын екі мемлекеттік телеарна («Қазақстан» телеарнасы, «Хабар» телеарнасы) мен бір ұлттық телеоператор («Қазтелерадио» АҚ) алған. 2019-2021 жылдары мемлекеттік тапсырысқа бюджеттен 13 млрд 200,7 млн теңге бөлінген. Бұл қаржының да 80 пайызға жуығын мемлекеттік телеарналар мен цифрлық хабар тарататын оператор «Қазтелерадио» АҚ алған.

Internews-тің заңгері Ольга Диденко назар аударған тағы бір мәселе – заң жобасының 50-бабында спутниктік байланыс операторларына бюджеттен қайтарымсыз ақша бөлу туралы айтылған.

«Бұл жерде қандай мәселе бар? Біріншіден, «сұр» тарелкаларға қарсы жүргізіліп жатқан күрес ешқандай нәтиже берген жоқ. Олардың жұмысын шектеу мүмкін болмай отыр. Қазақстан цифрлық хабар таратуға көшкенімен әсіресе өңірлердегі телерадиокомпаниялар тиісті деңгейде дамымады. Заң жобасында «Қазтелерадио» АҚ сияқты бюджеттен онсыз да ақша алатын ұйымдарға қайтарымсыз қаржы бөлу ұсынылған. Ал спутниктің операторлар – бағдарлама пакеттерін сатып, қыруар табысқа кенеліп отырған коммерциялық ұйымдар. Олардың шығындарына бюджет есебінен жәрдемақша бөлуінің қандай қисыны бар?» деген сауал қойды жиналғандарға сарапшы.

Сонымен қатар, медиасарапшы «Масс медиа туралы» заң жобасында жарнаманы және ақылы контентті таңбалау туралы ешқандай бап не ереже жоқтығын сынға алды. «Биыл жазда қабылданған «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама жөніндегі»

заң тек онлайн-жарнаманы таңбалауды қарастырады. Бұл жерде қандай өзекті мәселе бар? Барлық БАҚ-тар өз контентін тарату үшін әртүрлі арналарды – телеарна, радио, сыртқы жарнама және т.б. пайдаланады. Дұрыс қадамның бірі – БАҚ-тардағы барлық жарнамаға және ақылы контентке таңба қою. Яғни оқырман не көрермен ақылы материал мен редакцияның өз өнімін айыра білуі тиіс. Өйткені қазір жарнамалық материалдар редакциялық контент не жаңалық түрінде шығатын жағдайлар өте көп. Бұл оқырманды адастырады және БАҚ-тарға деген сенім деңгейін төмендетеді» деп түсіндірді О. Диденко.

Құқықтық медиа-орталықтың директоры Диана Окременова «Бюджеттік қаржыландыру және медиа нарықтың ашықтығы» деген тақырыпта сөз қозғап, медиа саласына бөлінген бюджеттің ақшасының тиімсіз жұмсалып жатқанына нақты мысалдар келтірді. Ол интернет ресурстардың 2023 жылдың үшінші кезеңіне арналған

мемлекеттік ақпараттық саясаттың тақырыптары туралы сөз қозғады. Таңғаларлық, тізімдегі басымдық берілген 13 тақырыптың бірі ретінде Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың қызметін көрсету деп белгіленген.

«Бұл кімнің шалағай шешімі? Тұңғыш Президент өзін кәдімгі зейнеткермен деп бірнеше рет мәлімдеді. Неге біз бюджеттің ақшасын зейнеткердің қызметін насихаттауға бөліп отырмыз? Мұндай тақырыптық бағыттарды кім белгілейді? Осындай шикі-шала шешімдер жемқорлықтың белең алуына жол ашып береді. Қазақстанда онсыз да бюджет қаражат бөлу мен жұмсау жүйесінің жұмысы

жабық, бұлыңғыр. Оған дәлел болатыны, Есеп комитетінің мынадай шешімі: «Бұл саладағы зерттеулер көрсеткендей, жыл сайын қайталана беретін жүйелік проблемалар жағдайды жақсартуға бағытталған нақты іс-шаралардың жоқтығын әшкерелеп тұр» деді Д. Окременова.

Ол сондай-ақ заң жобасындағы әлеуметтік дотация тақырыбына қатысты да өз ой-пікірін ашық айтты.

«Біз бюджеттің қыруар ақшасын мемлекеттік тапсырысқа жұмсаймыз. Онда неге өңірлердегі қарапайым журналистердің жалақысын өсірмейміз? Қазір ол жаққа бөлінген ақшаның 80 пайызы жергілікті жерлердегі мемлекеттік холдингтердің директорының, орынбасарларының еңбекақысына кетеді. Мұны өңірлердегі журналистермен тілдескенде үнемі естіп-біліп жүрміз. Осы ережені мына заң жобасына енгізейік» деп түсіндірді Құқықтық медиа-орталықтың директоры.

Сарапшы медиа саласында алдыңғы рейтингтерден түспейтін Скандинавия елдерінде бюджеттің ақшасы пікір алуандығын ынталандыруға, сапалы контентті ұлғайтуға, жаңалықтарға деген қолжетімділікті арттыруға жұмса, Қазақстан әлі күнге дейін министрлер мен әкімдердің, шенеуніктердің жеке басын, жұмысын насихаттауға жұмсалып жатқанына қынжылды.

«Финляндия, Швеция, Нидерланды, Канада сияқты елдер ақшаны жаңа БАҚ-тың құрылуына, әлсіз БАҚ-тарды жан-жақты қолдауға бөледі, ал бізде бәрі керісінше, қарапайым салық төлеушілердің ақшасы үш көзден қаржы алатын алпауыт мемлекеттік БАҚ-тарды қолдауға кетеді. Заң жобасында жоқ баптар осы. Бүкіл әлемде медиа нарық бәсекеге қабілетті болуын бірінші орынға қояды» деп түйіндеді сөзін сарапшы.

ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ ӨМІРІ ЗАҢМЕН ҚОРҒАЛУЫ ТИІС

Дөңгелек үстелде заң жобасындағы өзге де түйткілдер ашық талқыға түсті. Солардың бірі – журналистердің қауіпсіздігі. Журналистің заңды жұмысын атқаруға ешкім кедергі келтіруге, соның ішінде күш қолдануға құқығы жоқ. Мұндай әрекетке Қылмыстық кодекстің 158-бабының 2-тармағында екі жыл бас бостандығынан айыру, белгілі бір қызметті атқарудан 3 жылға шектеу жазасы қарастырылған.

ЖУРНАЛИСТЕРГЕ ҚОҚАН-ЛОҚҚЫ КӨРСЕТУ, ШАБУЫЛ ЖАСАУ ФАК- ТІЛЕРІН ТЕРГЕУ КЕЗІНДЕ ЖЕДЕЛДІК, АШЫҚТЫҚ, ӘКІМШІЛІК ЖӘНЕ ҚЫЛ- МЫСТЫҚ ТЕРГЕУ НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ ҚОҒАМҒА ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ БІРІНШІ ОРЫНҒА ҚОЙЫЛУЫ ТИІС

Алайда бұл бап Қазақстанда орындалмайды. Сарапшылар «журналистің кәсіби қызметіне кедергі келтіргендер әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылуы керек» деген ұсыныс айтты.

Журналистерге қоқан-лоққы көрсету, шабуыл жасау фактілерін тергеу кезінде жеделдік, ашықтық, әкімшілік және қылмыстық тергеу нәтижелерінің қоғамға қолжетімділігі бірінші орынға қойылуы тиіс. Әлемде 60-қа жуық мемлекет журналистердің қауіпсіздігі туралы міндеттемелерге қол қойған (бұл жиында сөйлеген Нидерланды Корольдігінің Қазақстандағы елшісі Нико Схермерстің айтқаны). Қазақстан да осындай халықаралық міндеттемелерге қосылуы қажет.

Заң жобасын әзірлеу кезінде Мәдениет және ақпарат министрлігі Еуропа елдерінің озық тәжірибесін, ЕҚҰЫ және БҰҰ стратегиялық құжаттарын егжей-тегжейлі қарап, жаңа ұсыныстар енгізген. Ал дөңгелек үстелге қатысқан ЕҚҰЫ бағдарламалар кеңсесінің басшысы доктор Фолькер Фробарт Қазақстандағы «Масс медиа туралы» заң жобасы бойынша ЕҚҰЫ елдерінің ұстанымы, көзқарасы, сын-пікірлері ашық келтірілген құжат қазан айында Сыртқы істер министрлігіне, Парламентке жіберілетінін мәлімдеді.

Журналистер қоғамға жедел, шынайы, ашық ақпарат таратуда ең қастерлі миссияны атқарады. Ал заң жобасындағы «Төтенше жағдай кезінде журналистер ақпарат тарату үшін құзырлы органнан рұқсат сұрап, өзінің алған ақпаратын сол орган растағаннан кейін ғана тарата алады» деген ұсынысқа журналистер де, құқық қорғаушылар да, медиа сарапшылар да қарсылық білдірді. «Нағыз цензура деген осы» дейді олар.

БАСПАСӨЗ КАРТАСЫН ЕНГІЗУ ҚАЖЕТ ПЕ?

Заң жобасындағы баспасөз картасын енгізу деген ұсынысқа қазақстандық журналистердің өзі қарсылық білдіріп, уәждерін айтты. Жобадан баспасөз картасы бар журналист жеңілдетілген тәртіппен құзырлы органдарға тіркеуден өтеді, картаны алу үшін кем дегенде 3 жыл еңбек өтілі болуы тиістігі жазылған.

«Баспасөз картасы дегенде Түркияны жиі мысалға алады. Бұл ел сөз бостандығы, интернетте ақпаратқа қол жеткізу рейтингтерінде артқа кетті. Мысалы, еркін баспасөз рейтингінде Қазақстаннан 10-15 саты кейін тұрған елден үлгі алатындай басымызға не күн туды» (Думан Смақов, «Фактчекинг» сайтының редакторы) деді сарапшылар.

«Баспасөз картасымен журналистер музейлерге, концерттерге тегін кіреді дейді. Бұл – біздің намысымызға тиетін, қорлайтын нәрсе. Музейге кіру құны – 200 теңге. Одан да заң жобасында журналистердің еңбекақысын тиісті деңгейге көтеру туралы жазайық» (Жұлдыз Әбділда, журналист) деді әріптестеріміз.

Баспасөз картасы тіркеу тәртібін жеңілдетеді деген министрліктің ұсынысына: «Біз әрбір оқиғаны түсіруге әртүрлі техникамен барамыз. Ол жерде бәрі өзгеріп отырады. Баспасөз картасы тіркеуді жеңілдетеді деген нәрсе ақылға сыймайды» (Евгения Бодрова, журналист) деп үн қатты тағы бір әріптесіміз.

Қазақстан «Шекарасыз репортерлар» халықаралық ұйымының жыл сайынғы еркін баспасөз рейтингінде 180 елдің ішінде 134-орында тұр. Өткен жылмен салыстырғанда 12 сатыға төмендедік, 2022 жылы еліміз 122-орында тұрғанбыз.



№118 (4551) 05/10/2023 Бейсенбі

ДҮЙСЕНБІ

9 ҚАЗАН

QAZAQSTAN

6:00 Әнуран
6:05 «Жәдігер»
6:30 «Күй-керуен»
7:00 «TAKSHOLPAN».



05:00 МЕГАХИТ. "РАЗУМНОЕ СОМНЕНИЕ"
07:00 ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ "ОЯН!"
10:00 "МЕКТЕП"

ASTANA TV

06:00 «Ене» үнді телехикаясы
06:20 «Қара шаңырақ» телехикаясы
07:20 «Маша и медведь» Мультфильм



6:00 «ИНДИЙСКОЕ ЛЕТО» телехикаясы
7:00 «P@UTINA» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»



07.05 "ДАУ-ДАМАЙСЫЗ" (қайталау)
07.30 "ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ"
08.10 "СЕН МЕНІҢ ТЕҢІМ ЕМЕССІҢ"



06:00 Әзіл студия
06:30 What's up?
07:00 «Kuyin ALL»
07:40 BalaFunny



06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:00 Т/п «Тойхана»
07:30 Т/п «Айнаonline»
08:00 Т/с «Семейные узы»

HTK

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «INSTA LIKE» (каз.)
08.00 Телехикая «Бақытсыздар бағы»

СЕЙСЕНБІ

10 ҚАЗАН

QAZAQSTAN

6:00 Әнуран
6:05 «Жәдігер»
6:25 АҚРАРАТ
7:00 «TAKSHOLPAN».



05:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "ПӨЛЕНШЕЕВТЕР 3"
07:00 ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ "ОЯН!"
10:00 "ШКОЛА"

ASTANA TV

06.00 «Ене» үнді телехикаясы
06:20 «Қара шаңырақ» телехикаясы
07:20 «Маша и медведь» Мультфильм



6:00 «ИНДИЙСКОЕ ЛЕТО» телехикаясы
7:00 «P@UTINA» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»



07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30 "ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ"
08.10 "СЕН МЕНІҢ ТЕҢІМ ЕМЕССІҢ"



06:00 Әзіл студия
06:30 What's up?
06:40 Информбюро (повтор)
07:40 BalaFunny



06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:00 Т/п «Тойхана»
07:30 Т/п «Айнаonline»
08:00 Т/с «Семейные узы»

HTK

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «INSTA LIKE» (каз.)
08.00 Телехикая «Бақытсыздар бағы»

СӘРСЕНБІ

11 ҚАЗАН

QAZAQSTAN

6:00 ӘНУРАН
6:05 «ЖӘДІГЕР»
6:25 АҚРАРАТ
7:00 «TAKSHOLPAN».



05:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "ПӨЛЕНШЕЕВТЕР 3"
07:00 ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ "ОЯН!"
10:00 "БІЗГЕ ХАБАРЛАСҚАН"

ASTANA TV

06.00 «ЕНЕ» ҮНДІ ТЕЛЕХИКАЯСЫ
06.20 «ҚАРА ШАҢЫРАҚ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
07.20 «МАША И МЕДВЕДЬ»



6:00 «ИНДИЙСКОЕ ЛЕТО» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
7:00 «P@UTINA» БАҒДАРЛАМАСЫ
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»



07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
07.30 "ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ"
08.10 "СЕН МЕНІҢ ТЕҢІМ ЕМЕССІҢ"



06:00 ӘЗІЛ СТУДИО
06:30 WHAT'S UP?
06:40 ИНФОРМБЮРО (ПОВТОР)
07:40 BALAFUNNY

00:20 Ток-шоу "Қыздар-Ай"
01:20 Т/п «Құзғын»
02:20 Т/п «Ауыл мұғалімі»

HTK

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «INSTA LIKE» (каз.)
08.00 Телехикая «Бақытсыздар бағы» (каз.)

БЕЙСЕНБІ

12 ҚАЗАН

QAZAQSTAN

6:00 Әнуран
6:05 «Жәдігер»
6:25 АҚРАРАТ
7:00 «TAKSHOLPAN».



05:00 Телехикая. "Пәленшеевтер 3"
07:00 Тікелей эфирде "Оян!"
10:00 "В фокусе"

ASTANA TV

06:00 «Ене» үнді телехикаясы
06:20 «Қара шаңырақ» телехикаясы
07:20 «Маша и медведь» Мультфильм

ШАҒАР ШЕЖІРЕСІ

АЛШЫС ЖЫЛ БҰРЫНҒЫ ЕСТЕЛІК

Қазіргі Еркеғали Рахмадиев атындағы Астана мемлекеттік филармониясы ғимаратына қарама-қарсы осыдан тура 60 жыл бұрын Карл Маркс көшесінің бойында (қазіргі Кенесары көшесі) «Родина» кинотеатры тұрған.



Сурет авторы Нұрмұқанбет ИМАМОВ

Целиноград тұрғындарының мәдени демалыс орнына айналған кинотеатрдың іргетасы 1948 жылы қаланыпты. Арада 15 жыл өтпей жатып сталиндік дәуірдің сәулет өнері сүріле бастады. – Оған сол жылы дәл алдынан Тың игерушілер сарайының салынуы себеп болды. Біздің балдәурен балалығымыздың куәсіндей сол кинотеатр өзіме тым ыстық еді. Мұнда достарымызбен, кейде ата-анамызбен үнемі кинофильм көріп тұратын едік. 1963 жылдың қыркүйек айында оны қиратып, бұзды да тастады. Міне, содан бері тура 60 жыл өтіпті, – деп еске алады байырғы қала тұрғыны Дмитрий Глуких.

Дәл қазір бұл жерде заман талабына сай абаттандырылған Астана қаласы әкімдігінің алаңы орналасқан. Суретте: 1963 жылғы «Родина» кинотеатры.



7

6:00 «ИНДИЙСКОЕ ЛЕТО» телехикаясы
 7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
 8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
 9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
 10:10 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
 11:00 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
 12:00 «ДОМ С ЛИЛИЯМИ»
 13:05 «БИЗОН. ДЕЛО МАНЕКЕНЩИЦЫ»
 14:10 «НОВОСТИ»
 14:20 «ЖАҒАЛЫҚТАР»
 14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
 18:30 «БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР»
 19:00 «KÖREMIZ» бағдарламасы
 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
 20:35 «ГОРЯЧАЯ ТОЧКА»
 1:00 «БИЗОН. ДЕЛО МАНЕКЕНЩИЦЫ»
 2:00 «И ВСЕ-ТАКИ Я ЛЮБЛЮ...»
 3:00 «KÖREMIZ» бағдарламасы
 4:10 «П@УТИНА» бағдарламасы

ККК

07:05 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР (қайталау)
 07:30 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ»
 08:10 «СЕН МЕНІҢ ТЕҢІМ ЕМЕССІҢ»
 09:20 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
 10:00 «БЫЛО ДЕЛО»
 11:00 «ВСКРЫТИЕ ПОКАЖЕТ»
 12:40 «СПРАВЕДЛИВОСТЬ»
 15:00 «НАМЫС», өзбек телехикаясы.
 18:10 «ПЛЕННИКИ», отандық телехикая.
 19:30 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР
 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу.
 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
 21:40 «СПРАВЕДЛИВОСТЬ», мелодрама.
 23:50 «ВСКРЫТИЕ ПОКАЖЕТ»
 01:55 «БЫЛО ДЕЛО» (повтор)
 02:40 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ»
 03:25 «МЕН СЛУМЫН»
 04:30-05:00 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР

31

06:00 Әзіл студия
 06:30 What's up?
 06:40 Информбюро (повтор)
 07:40 BalaFunny
 08:00 «Жапырақтар төгілгенде»
 10:00 «Великий Человек-паук»
 11:00 Мультсериал «Маша и медведь»
 11:20 «Qazaq Stand Up»
 11:50 TikTok show
 12:30 Time Vine
 13:00 «Красоты в бегах» (повтор)
 15:00 «Морской пехотинец» (повтор)
 17:00 «День независимости»
 20:00 Информбюро (рус/каз)
 21:00 «127 часов»
 23:00 «Жапырақтар төгілгенде»
 01:00 «31 әзіл»
 02:30 What's up?
 03:50 1001 Әзіл
 04:00 BALA BATTLE
 05:00 Ризамын

7

06:00 Т/п «Қуырдақ»
 07:00 Т/п «Тойхана»
 07:30 Т/п «Айнаonline»
 08:00 Т/с «Семейные узы»
 09:00 Т/х «О, махаббат!»
 10:00 Т/с «Доктор Надежда»
 11:00 Т/с «На твоей стороне»
 13:00 Т/с «Серебряный волк»
 14:00 Ток-шоу «Кыздар-Ай»
 15:00 Т/х «Құзғын»
 16:00 Т/х «Ауыл мұғалімі»
 17:00 Т/х «Ағайынды»
 17:40 Т/с «Доктор Надежда»
 18:40 Т/с «На твоей стороне»
 20:40 Т/с «Серебряный волк»
 21:40 Т/х «Ағайынды»
 22:20 Т/с «Тройная защита»
 00:20 Ток-шоу «Кыздар-Ай»
 01:20 Т/х «Құзғын»
 02:20 Т/х «Ауыл мұғалімі»
 03:00 Т/х «О, махаббат!»
 03:40 Т/п «Айнаonline»
 04:00 Т/п «Япырай»
 04:30 Т/п «Жеңіп көр»
 05:15 Т/п «Қуырдақ»

НТК

07:00 «Разминка» (каз/рус)
 07:15 «INSTA LIKE» (каз.)
 08:00 «Бақытсыздар бағы» (каз.)
 09:20 «Екі езу» (каз.)
 09:40 «ФИКСИКИ» (мультсериал)
 09:50 «КУНГ-ФУ ПАНДА» (мультсериал)
 10:10 Шоу «ТАКСИ»
 10:40 «МИР ЗАБЕСПЛАТНО» Трэвел-шоу
 12:00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
 16:00 «Қызық Live» (каз.)
 17:10 «INSTA LIKE» (каз.)
 17:35 «РЕВЮ NEWS» (каз.)
 18:00 «МИР ЗАБЕСПЛАТНО» Трэвел-шоу
 19:00 Шоу «ТАКСИ»
 19:30 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»

20.00 ПРЕМЬЕРА! Сериал «МОШЕННИКИ»
 20.50 «ХОТА НА ВОЛКА»
 22.40 «ТЕЛОХРАНИТЕЛЬ ЖЕНЫ КИЛЛЕРА»
 03.10 «РЕВЮ NEWS» (каз.)
 03.30 «INSTA LIKE» (каз.)

ЖҰМА
13 ҚАЗАН
QAZAQSTAN

6:00 Әнуран
 6:05 «Жәдігер»
 6:25 AQPAPAT
 7:00 «TANSHOLPAN»
 10:00 AQPAPAT
 10:10 «Килы күндер»
 12:20 «Сезім толқыны». Телехикая.
 13:00 AQPAPAT
 13:10 «Сезім толқыны». Телехикая.
 13:30 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тикелей эфир
 14:40 «АЛТЫН ҚАҚПА»
 15:30 «Гауһаргас»
 16:40 «Дала дәмі»
 17:00 AQPAPAT
 17:10 «Күйеу бала». Телехикая.
 18:00 «ҚИЛЫ КҮНДЕР». Телехикая.
 20:00 AQPAPAT
 20:35 «ASHYQ ALAN»
 21:30 «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». Телехикая.
 22:30 Телехикая
 23:20 «Көңіл толқыны»
 0:00 «PARASAT MAIDANY»
 0:35 ФУТБОЛ. ЕУРО-2024 ІРІКТЕУ ТУРНИРИ. ПОРТУГАЛИЯ - СЛОВАКИЯ.
 3:15 «Ashyq ala».

ASTANA TV

05:00 Телехикая. «Паленшеверт 3»
 07:00 Тикелей эфирде «Ояң!»
 10:00 «Менің өмірім»
 10:30 Мультсериал. «Алиса и Льюис»
 12:00 Телехикая. «Тағдырға сен»
 14:00 «AйнаLine»
 15:00 «Рауза. Сакура - жас өркен»
 16:00 Телесериал. «Следствие любви»
 18:00 Новости.
 18:20 Ток шоу. Итоги
 19:00 Жаңалықтар
 19:20 Ток шоу. Біздің мақсат
 20:00 Телехикая. «Тағдырға сен»
 21:45 «Рауза. Сакура - жас өркен»
 23:00 Мегахит. «Что скрывает ложь»

ASTANA TV

06:00 «Ене» үнді телехикаясы
 06:20 «Қара шаңырақ» телехикаясы
 07:20 «Маша и медведь» Мультфильм
 08:50 «Осман 2» түрік телехикаясы
 10:15 «Кешек желін» үнді телехикаясы
 12:00 «Дастан» түрік телехикаясы
 14:00 «Ессіз махаббат» түрік телехикаясы
 15:00 «Эксперимент»
 15:15 «Президент парни»
 15:30 «Емнен бірге/Вместе с народом»
 16:10 «Ауыл - алтын бесік»
 17:15 «По синим волнам» телесериал
 17:55 «Бизнес по-казахски» Худ.фильм
 20:00 «AstanaTimes»
 21:00 «Осман 2» түрік телехикаясы
 22:25 «Лакшми» үнді телехикаясы
 00:15 «Дастан» түрік телехикаясы
 02:10 «Ессіз махаббат» түрік телехикаясы
 02:50 «Қорғаныс ханшайым» телехикаясы

7

6:00 «ИНДИЙСКОЕ ЛЕТО» телехикаясы
 7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
 8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
 9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
 10:10 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
 11:00 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
 12:00 «ДОМ С ЛИЛИЯМИ»
 13:05 «БИЗОН. ДЕЛО МАНЕКЕНЩИЦЫ»
 14:10 «НОВОСТИ»
 14:20 «ЖАҒАЛЫҚТАР»
 14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
 18:30 «БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР»
 19:00 «KÖREMIZ» бағдарламасы
 20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
 20:30 «ПАРЛАМЕНТ ONLINE». Новый сезон
 20:55 «ПОЛЕ ЧУДЕС»
 22:10 Многосерийный фильм «Судья»
 2:30 «KÖREMIZ» бағдарламасы
 3:40 «П@УТИНА» бағдарламасы

ККК

07:05 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР (қайталау)
 07:30 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ»
 08:10 «СЕН МЕНІҢ ТЕҢІМ ЕМЕССІҢ»
 09:20 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
 10:00 «БЫЛО ДЕЛО»
 11:00 «ВСКРЫТИЕ ПОКАЖЕТ»
 12:40 «СПРАВЕДЛИВОСТЬ»
 15:00 «НАМЫС», өзбек телехикаясы.
 18:10 «ПЛЕННИКИ», отандық телехикая.
 19:30 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР
 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу.
 21:40 «СПРАВЕДЛИВОСТЬ», мелодрама.
 23:50 «ВСКРЫТИЕ ПОКАЖЕТ»
 01:55 «БЫЛО ДЕЛО» (повтор)
 02:40 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ»
 03:25 «МЕН СЛУМЫН»
 04:30-05:00 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР

21.40 «ЛЕТИ, ПЕРЬШКО», мелодрама.
 02.15 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ» (қайталау)
 02.40 «КТКweb» (қайталау)
 03.00 «МЕН СЛУМЫН», корей телехикаясы
 04.05 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ»
 04.30-05.00 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР

31

06:00 Әзіл студия
 06:30 What's up?
 06:40 Информбюро (повтор)
 07:40 BalaFunny
 08:00 «Жапырақтар төгілгенде»
 10:00 Мультсериал «Великий Человек-паук»
 10:30 Мультсериал «Маша и медведь»
 10:50 «Qazaq Stand Up»
 11:20 TikTok show
 12:00 Time Vine
 12:30 «Хищник» (повтор)
 15:00 «127 часов» (повтор)
 17:00 «Скорость»
 20:00 Информбюро (рус/каз)
 21:00 «Хищники»
 23:20 «Жапырақтар төгілгенде»
 01:10 «31 әзіл»
 02:00 Әзіл студия
 03:50 1001 Әзіл
 04:00 BALA BATTLE

7

06:00 Т/п «Қуырдақ»
 07:00 Т/х «Тойхана»
 07:30 Т/п «Айнаonline»
 08:00 Т/с «Семейные узы»
 10:00 Т/с «Доктор Надежда»
 11:00 Т/с «На твоей стороне»
 13:00 Т/п «Гул-гул шоу»
 15:00 Т/х «Қуырдақ»
 16:00 Т/х «Ауыл мұғалімі»
 17:00 Т/п «Жұлдызды шаңырақта»
 18:40 Т/с «Доктор Надежда»
 18:40 Т/с «На твоей стороне»
 20:40 Х/ф «Отступники»
 23:30 Т/п «Гул-гул шоу»
 00:30 Т/п «Айнаonline»
 01:20 Jaidarman
 02:20 Т/х «Ауыл мұғалімі»
 03:00 Т/х «О, махаббат!»
 03:40 Т/п «Айнаonline»
 04:00 Т/п «Япырай»
 04:30 Т/п «Жеңіп көр»
 05:15 Т/п «Қуырдақ»

НТК

07:00 «Разминка» (каз/рус)
 07:15 «INSTA LIKE» (каз.)
 07:45 «КТКweb» (қайталау)
 08:30 «Уақыт» концерт
 09:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
 09:40 «БЕЗ ОГРАНИЧЕНИЙ»
 10:20 «ЛЕТИ, ПЕРЬШКО»
 15:00 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек телехикаясы.
 18:00 «ШЫМКЕНТ-ШОУ»
 21:00 «ГОРЬКО-СОЛЁНОЕ МОРЕ ЛЮБИИ»
 01:15 «БЫЛО ДЕЛО» (повтор)
 02:10 «КТК-да ҚАБАТОВ» (қайталау)
 03:10-05:00 «ШЫМКЕНТ-ШОУ»

СЕНБІ
14 ҚАЗАН
QAZAQSTAN

6:00 Әнуран
 6:05 «Жәдігер»
 6:30 AQPAPAT
 7:00 «Күй-керуен»
 7:45 «Сүйкімді София». Мультхикая.
 9:00 «ТЕЛЕФЭРИГЕР». Тикелей эфир
 10:10 «Килы күндер». Телехикая.
 12:10 «Qazaqstan дауысы»
 14:45 «ДАЛА ДӘМІ»
 15:10 Сакен Майғазиевтің концерті
 16:45 «Ғажайып саяхат». Мультфильм
 18:00 «ҚИЛЫ КҮНДЕР». Телехикая.
 20:00 AQPAPAT
 20:20 «AQORDA»
 20:30 «QAZAQSTAN DAUYSY».
 22:30 Телехикая
 23:30 «Әзіл әлемі»
 0:35 ФУТБОЛ. ЕУРО-2024 ІРІКТЕУ ТУРНИРИ. ДАНИЯ - ҚАЗАҚСТАН. Тикелей трансляция
 2:40 «Сезім толқыны». Телехикая.
 4:25 AQPAPAT
 4:45 «Aqorda»

НТК

05:00 «КІМ МЫҚТЫ?»
 07:00 «ҚАРАҚАТПЕН ШАЙ»
 08:00 КОНЦЕРТ. «ЖАРАЙ МА?»
 10:00 МЕГАХИТ. «ЧТО СКРЫВАЕТ ЛОЖЬ»
 12:00 МУЛЬТФИЛЬМ. «САДКО»
 13:20 «АЛИСА И ЛЬЮИС»
 14:00 «ДУЛДУЛДЕР ДУБИР!»
 14:30 «МАҒДАЙ ТЕР»
 16:00 «РАУЗА. САКУРА - ЖАС ӨРКЕН»
 17:45 «АСЫЛ ДОМБЫРА»
 19:00 «COVER SHOW»
 21:00 АҚПАРАТ АРНА «7 КҮН»
 21:40 «ПИСЬМА К ДЖУЛЬЕТТЕ!»
 23:40 «ХАБАР СПОРТ»
 00:10 «ӘКЕ БАҚЫТЫ»

ASTANA TV

06:00 «Ене» үнді телехикаясы
 06:20 «Қара шаңырақ» телехикаясы
 07:20 «Маша и медведь» Мультфильм
 09:00 «Осман 2» түрік телехикаясы
 10:30 «Уақыт» концерт
 13:20 «Жұлдыздысың?»
 14:50 «Чего хотят женщины?» Худ.фильм
 17:50 «Иллюзионист» Худ.фильм
 20:00 «SagarTimes» апталық-сараптамалық бағдарламасы
 21:00 «Осман 2» түрік телехикаясы
 22:25 «Лакшми» үнді телехикаясы
 23:50 «Чего хотят женщины?» Худ.фильм

7

6:00 Т/п «Қуырдақ»
 7:00 Т/х «Тойхана»
 7:30 Т/п «Айнаonline»
 8:00 Т/с «Семейные узы»
 10:00 Т/с «Доктор Надежда»
 11:00 Т/с «На твоей стороне»
 13:00 Т/п «Гул-гул шоу»
 15:00 Т/х «Қуырдақ»
 16:00 Т/х «Ауыл мұғалімі»
 17:00 Т/п «Жұлдызды шаңырақта»
 18:40 Т/с «Доктор Надежда»
 18:40 Т/с «На твоей стороне»
 20:40 Х/ф «Отступники»
 23:30 Т/п «Гул-гул шоу»
 00:30 Т/п «Айнаonline»
 01:20 Jaidarman
 02:20 Т/х «Ауыл мұғалімі»
 03:00 Т/х «О, махаббат!»
 03:40 Т/п «Айнаonline»
 04:00 Т/п «Япырай»
 04:30 Т/п «Жеңіп көр»
 05:15 Т/п «Қуырдақ»

ККК

07:05 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ»
 07:45 «КТКweb» (қайталау)
 08:30 «Уақыт» концерт
 09:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
 09:40 «БЕЗ ОГРАНИЧЕНИЙ»
 10:20 «ЛЕТИ, ПЕРЬШКО»
 15:00 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек телехикаясы.
 18:00 «ШЫМКЕНТ-ШОУ»
 21:00 «ГОРЬКО-СОЛЁНОЕ МОРЕ ЛЮБИИ»
 01:15 «БЫЛО ДЕЛО» (повтор)
 02:10 «КТК-да ҚАБАТОВ» (қайталау)
 03:10-05:00 «ШЫМКЕНТ-ШОУ»

31

06:00 Әзіл студия
 07:00 BalaFunny
 07:30 «Күліп ALL»
 08:00 TikTok show (повтор)
 08:30 Time Vine (повтор)
 09:30 Готовим с Адель (повтор)
 10:00 «Алдарастан»
 11:30 «Сезім суретшісі» телехикаясы
 12:10 «День независимости» (повтор)
 15:20 «Маша и Дударкин»
 17:40 «Ледниковый период 2»
 19:40 «Kingsman: Секретная служба»
 22:40 «Восстание планеты обезьяны»
 00:50 TikTok show (повтор)
 01:20 Time Vine (повтор)
 01:40 «Bizdin show»
 02:30 «31 әзіл»
 03:00 What's up?
 03:30 1001 Әзіл
 03:40 BALA BATTLE
 04:20 BALA BATTLE
 04:40 Ризамын

7

06:00 Т/п «Қуырдақ»
 07:00 «Тереғали Төреәлі «Айхай-25»
 09:10 Т/п «Фестиваль юмора и сатиры»
 11:40 Х/с «Референт»
 16:00 Т/п «Айнаonline»
 17:10 Әзіл Time
 18:00 Премьерал Т/п «ЖұлдызLife»
 18:40 Т/п «Гул-гул шоу»
 19:40 Х/с «Яркие краски осени»
 23:40 Т/п «ЖұлдызLife»
 00:15 Т/п «Айнаonline»
 00:50 «Төреғали Төреәлі «Айхай-25»
 02:40 Jaidarman
 03:40 Т/п «Жеңіп көр»
 04:30 Т/п «Япырай»
 05:00 Т/п «Қуырдақ»

НТК

07:00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»
 07:40 Телехикая «Қағаз кеме» (каз.)
 08:30 Скетчком «ДОСТЫҚ 99» (каз.)
 09:05 «INSTA LIKE» (каз.)
 09:30 «ДРАКОНЫ: ГОНКИ ПО КРАЮ»
 09:50 «ИГРЫ С ОГНЕМ» (семейная комедия, Джон Сина, Джон Легуизамо)
 12:00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
 15:00 «МОНСТРЫ ПРОТИВ ПРИШЕЛЫЦЕВ» (анимационный фильм)
 17:00 «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ. СМЕХБУК»
 18:00 «ДЖОН УИК» (Боевик, Киану Ривз, Микаэл Ноквист, Алфи Аллен)
 19:50 «ВЕЛИКИЙ УРАВНИТЕЛЬ 2» (Боевик, Дензел Вашингтон, Педро Паскаль)
 22:20 «ТЕХАССКИЙ РЕЙНДЖЕР»
 01:00 «Қызық Live» (каз.)
 01:40 «ТАВОО» (каз.)
 03:10 «INSTA LIKE» (каз.)
 04:00-05:00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

ЖЕКСЕНБІ
15 ҚАЗАН
QAZAQSTAN

6:00 Әнуран
 6:05 «Жәдігер»
 6:30 AQPAPAT
 6:55 «Күміс көмей»
 7:35 «Дәуір даналары». Деректі фильм
 8:20 «AQSAYUT»
 8:45 «Көңіл толқыны»
 9:20 «Сүйкімді София». Мультхикая.
 10:00 «Килы күндер». Телехикая.
 12:00 «Qazaqstan дауысы»
 14:30 Дисней ұсындығы: «Ғажайып саяхат». Мультфильм
 15:45 «MERGENDER MEKEN»
 16:35 «Сағындырған әндер-ай!»
 17:25 «ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ»
 18:00 «ҚИЛЫ КҮНДЕР». Телехикая.
 20:00 «АРТА».
 20:50 «Махаббатым»
 22:30 Телехикая
 23:30 «Сезім толқыны». Телехикая.
 2:15 «Арта».
 3:05 «Әйел әлемі»
 3:40 «Aqsayut»
 4:00 «Дәуір даналары».

7

05:00 «Кім мықты?»
 07:30 «Қарақатпен шай»
 08:30 «Жұлдыздың контекст»
 09:00 «Онған өлең»
 10:00 Мелодрама. «Письма к Джульетте!»
 12:00 Мультфильм. «Капитан семи морей»
 13:15 Мультсериал. «Алиса и Льюис»
 14:00 «Cover show» Мейрамбек Бесбаевпен
 16:00 Телехикая марафоны. «Рауза. Сакура - жас өркен»
 18:15 «Алғашқы»
 19:30 «Қызық times»
 21:00 Информационный канал - аналитическая программа «7 күн»
 21:40 «Отдел журналистских расследований»
 22:15 Мегахит. «Точка возврата»
 00:15 «Хабар спорт»

ASTANA TV

06:00 «Ене» үнді телехикаясы
 06:20 «Қара шаңырақ» телехикаясы
 07:20 «Маша и медведь» Мультфильм
 09:00 «Осман 2» түрік телехикаясы
 10:30 «Уақыт» концерт
 13:20 «Жұлдыздысың?»
 14:50 «Құмыра жүрек» атты шығармашылық кеші
 17:00 «Бизнес по-казахски» Худ.фильм
 19:00 «Бизнес по-американски»
 21:00 «Осман» түрік телехикаясы
 22:25 «Лакшми» үнді телехикаясы
 23:50 «Иллюзионист» Худ.фильм

7

6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
 7:20 «П@УТИНА» бағдарламасы
 8:10 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ»
 8:20 Премьера. «ПОЕХАЛИ!»
 9:15 «ОАЙМАҚ» бағдарламасы
 9:50 Многосерийный фильм «ДОРОГА В ПУСТОТУ»
 18:40 «ӘТҒАЙ» бағдарламасы
 20:00 «АНАЛИТИКА». Прямой эфир
 20:45 Многосерийный фильм «ТРИ СЕСТРЫ»
 1:00 «ЧТО? ГДЕ? КОГДА?».

2:05 «ОНА ЖЕ ГРЕЙС» телехикаясы
 3:35 «П@УТИНА» бағдарламасы
 4:10 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы

ККК

07:05 «ЭН МЕН ЭНШІ»
 09:00 «ПАРАД ЮМОРА», шоу-программа
 10:50 «ГОРЬКО-СОЛЁНОЕ МОРЕ ЛЮБИИ», мелодрама (повтор)
 15:00 «АТАЛАР СӨЗІ». Өзбек телехикаясы.
 18:10 «18-25», Рахымжан Жақайымның ән кеші
 20:00 «КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ!», музыкалық халықтық-шоу.
 21:00 «ДИНАМЕН ДҰРЫС», сұқбат.
 22:00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ» с Артуром Платоновым
 23:00 «ЗЕМЛЯ ЭЛЬЗЫ», мелодрама. (худ. фильм)
 01:20 «МНОГОДЕДНЫЙ», казахстанское кино (худ.фильм)
 02:45 «БЫЛО ДЕЛО» (повтор)
 03:30-05:00 «18-25», Рахымжан Жақайымның ән кеші (қайталау)

31

06:00 Әзіл студия
 07:00 BalaFunny
 07:30 «Күліп ALL»
 08:00 TikTok show (повтор)
 08:30 Time Vine (повтор)
 09:00 «TeleBingo» прямой эфир
 09:25 Тотомин с Адель
 10:00 «Алдарастан»
 11:30 Тұсауескері «Сезім суретшісі» телехикаясы
 12:10 КИНО. Премьерал Тәуекел Мүсілім в романтической комедии «Маша и Дударкин» (повтор)
 14:30 Анимационный фильм «Ледниковый период 2» (повтор)
 16:30 КИНО. Тэрэн Эдмертон в боевике «Kingsman: Секретная служба» (повтор)
 19:30 КИНО. Джеймс Франко в фантастическом боевике «Восстание планеты обезьяны» (повтор)
 21:50 КИНО. Гарри Келлудч в фантастическом боевике «Трон: Наследие»
 00:50 КИНО. «Күйеу берсен, күш бер»
 02:30 «Bizdin show»
 04:10 РИЗАМЫН
 04:30 BALA BATTLE
 05:00 What's up?
 05:20 Әзіл студия

7

06:00 Т/п «Қуырдақ»
 07:00 Концерт «Әлемнің жарығы»
 08:40 Т/п «ЖұлдызLife»
 09:10 Т/п «Юмор! Юмор!!!»
 11:40 Х/с «Яркие краски

№118 (4551) 05/10/2023 Бейсенбі

ДӘУІР ФОТОШЕЖІРЕСІН ЖАСАҒАН

Ұлттық академиялық кітапханада қазақстандық фотожурналистика негізін қалаушылардың бірі, белгілі фототілші Сайлау Пернебаевтың 85 жылдығына арналған «Ақ пен қара» атты кітап-альбомның таныстырылымы өтіп, фотокөрмесі ашылды. Аталмыш шараны Қазақстан Жазушылар одағы, «Фотоөнер» қоғамдық бірлестігі және фототілшінің отбасы ұйымдастырды.



Жиынды жүргізген Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төрағасының бірінші орынбасары Нұржан Қуантайұлы Сайлау Пернебаев саналы ғұмырының қырық жылдан астамын фотожурналистикаға

арнап, өткен ғасырдың алпысыншы-сексенінші жылдары қазақ журналистикасының, қазақ әдебиетінің фотошежіресін жасағанын атап өтті.

Сайлау Пернебаев «Қазақстан мұғалімі», «Социалистік

Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») республикалық басылымдарында, 1981 жылдан зейнеткерлікке шыққанға дейін «Қазақ әдебиеті» газетінде фототілші қызметін атқарды. Оның фотосуреттері

Одақтық газет-журналдар байқауларында 16 рет бас жүлдені жеңіп алды. Әралуан тақырыптарды қамтыған көптеген фотосуреттері әр жылдары «Правда», «Известия», «Комсомольская правда», «Труд», «Литературная газета» газеттерінде жиі жарияланып тұрды. Сондай-ақ Францияның, Кубаның, Германияның газет-журналдарында бірнеше рет жарық көрді. Сайлау Пернебаев Қазақстан Журналистер одағының және Республикалық Кәсіподақтар комитетінің сыйлығымен бірнеше мәрте марапатталды.

Нұржан Қуантайұлының айтуынша, Сайлау Пернебаевтың фотоархиві 18 жәшікті құрайды. Отбасы бұл бай фотомұраны «Фотоөнер» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Асылхан Әбдірайымұлына тапсырды. Жиында сөз сөйлеген аталған қоғамдық бірлестік басшысы таныстырылымы өткен «Ақ пен қара» атты кітап-альбомды бірнеше серия етіп шығару жоспарланғанын, бірінші кітапқа суреттердің 25-30 пайызы ғана енгенін, сондықтан екінші кітап-альбом дайындалып жатқанын жеткізді.

Дайындаған Аманғали ҚАЛЖАНОВ

ЕЛОРДАҒА АҚ ЖАЙЫҚТАН СӘЛЕМ ЖОЛДАЙДЫ

10 қазан күні Республика күні және Астана қаласының 25 жылдығы аясында бас қалаға Батыс Қазақстан облыстық камералық оркестрі гастрольмен келеді. «Елордаға Ақ Жайықтан сәлем» атауымен өтетін концерт Музыкалық жас көрермен театрында сағат 19.00-де басталады.

Батыс Қазақстан облыстық камералық оркестрі әйгілі скрипкашы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Марат Бисенғалиевтің бастамасымен 2004 жылы құрылды. 2011 жылы Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің қолдауымен қайта жасақталды. Содан бері классикалық музыканы сүйіп тындайтын көрерменді сусындатып келе жатыр.

Бұл – ұлт өнерінің дамуына үлес қосып, халықтың ықыласына бөлініп келе жатқан ұжым. Оркестр құрылғалы бері мемлекетімізден бөлек халықаралық деңгейде өнер көрсетіп, ұлттық музыкамызды әлемге таныстырды. Ұжымның құрамында Қазақстан мен Ресейдің белгілі музыкалық жоғары оқу орындарының түлектері, жас музыканттар, Италияның Пезаро қаласындағы опера студиясында дәріс алған вокалист және негізінен өңірдің белгілі әншілері бар. Оркестрдің бас дирижері, көркемдік жетекшісі – Асхат Хасанов.

Оркестр Алматы қаласының 1000 жылдығы және Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында өткен «Әуен - fest» республикалық камералық оркестрлер фестивалінде лауреат атанды. Белгілі дирижері, Қазақстанның халық әртісі Төлепберген Әбдіраштың 70



жылдығына арналған республикалық камералық оркестрлер фестивалінде дипломант болды. Халықаралық шығармашылық онлайн конкурста «Ішекті аспаптар оркестрі» аталымы бойынша бас жүлдені иеленді. Ал 2020 жылы Мәскеу

қаласында өткен «GoodWin Art» III халықаралық онлайн байқауда «Ішекті аспаптар оркестрі» аталымы бойынша дипломант атанып, тағы бір мәрте биіктен көрінді.

Оркестр ұжымы еліміздегі іргелі өнер ұжымдарының

бірқатарымен ынтымақтастық меморандумына қол қойды. Соның арқасында шығармашылық және гастрольдік кештеріне республикаға аты мәлім өнерпаздарды қатыстырып, өзара тәлім-тәжірибе алмастырады. Бұған қоса, ұжым Татарстан Республикасының еңбек сіңірген өнер қайраткері, КСРО халық әртісі Арнольд Катцтың шәкірті Рашид Скуратовпен жұмыс істеді. Михаил Перепленин (Украина), Уинстон дан Фогель (АҚШ), Әли Ермекбаев сынды танымал дирижерлермен де шығармашылық байланыс орнатты. Соңғы жылдар ішінде заманауи бағыттарға ден қойып, өнерсүйер қауымға ерекше туындылар жол тартты. Мәселен, камералық оркестрдің көркемдік жетекшісі Асхат Хасанов алғаш рет коллаборациялық жұмысты қолға алып, халқымыздың інжу-маржаны саналатын күйлері мен халық әндерін нотаға түсіріп, оркестр құрамына домбыра, қобыз аспаптарын қосып, кахон, гитара, бас-гитара аспаптарының синтезін құрады. Театр режиссері Гауһар Адаймен және абстракт бағытындағы суретші Гүлдана Әлианамен бірлескен жұмыс нәтижесінде камералық оркестр перформанс бағытында екі бірдей бейнебаян түсірді.



ҚЫРҒЫЗСТАННАН ОЛЖАЛЫ ОРАЛДЫ

Қалибек Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театры Ғ.Мүсіреповтің «Баян Сұлу – Қозы Көрпеш» музыкалық драмасымен Бішкек қаласында өткен «Арт-Ордо – 2023» халықаралық театр фестиваліне қатысып, бас жүлдені иеленді.

6 шетелдік және 8 қырғыз театры өнер жарыстырған былғы фестиваль КСРО Халық әртісі, қырғыз халқының көрнекті театр және кино актрисасы Бакен Қыдыкееваның 100 жылдығына арналды. Астана қаласы «Жастар» театрының көркемдік жетекшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Нұрқанат Жақыпбай бастаған қазылар алқасының құрамында Қырғызстан, Өзбекстан, Әзербайжан, Ресей, Түркияның өнер қайраткерлері болды.

Көрермен Қаллеки театрының спектаклін зор ықыласпен қабылдады. Актёрлер театрының халық аспаптар оркестрінің сүйемелдеуімен өнер көрсетті. Спектакльдің қоюшы режиссері Гүлназ Балпейісова классикалық құр баяндаудан бас тартып, Қозы Көрпеш пен Баян Сұлудың махаббат хикаясын заманауи тәсілде жеткізгені қазылар алқасының көңілінен шығып, астаналық театрға Гран-при берілді. Сонымен қатар өнер ұжымы «Түрксой» халықаралық ұйымының арнайы сыйлығымен марапатталды.

ҚАРТТАРДЫҢ КӨҢІЛІН КӨТЕРДІ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның концерт залында «Ұрпақтар сабақтастығы» жобасы аясында Халықаралық қарттар күніне арналған «Ата-ана ұлағаты – ұрпаққа аманат» концерті өтті. Кеш Астана қаласы әкімдігі, қаланың Ардагерлер кеңесі және елорданың «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының қолдауымен ұйымдастырылды.

Концертке келгендер алдымен Қарттар мерекесіне орай қойылған көрмені тамашалады. Мұнда «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтарына баратын зейнеткерлердің қолөнер бұйымдары мен салған картиналары орын алды. Концертке Астана қаласы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есілов қатысып, жиналған қауымды құттықтады. Ол өз сөзінде қала әкімдігі елорда ардагерлеріне жасап жатқан қамқорлығын жайлы айтты. Соның ішінде әр емханада геронтология кабинеттері ашылғанын, қаланың төрт ауданында қарттарға арналған сауықтыру орталықтары жұмыс істеп жатқанын атап өтті. Келесі жылы қала зейнеткерлерін Қатаркөл демалыс орнынан басқа республиканың бес санаторийіне жіберу туралы жұмыс жүргізіліп жатқанын жеткізді.

Сансызбай Сейітжанұлы Астананың өркендеуіне елеулі үлес қосқан, «Мемориалды аймақ» атты екінші дүниежүзілік соғыста із-түзсіз кеткен жауынгерлерді іздестіру тобын құрған Л.Гуми-

лев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры Майдан Құсайыновты 80 жас мерейтойымен қала әкімі атынан құттықтап, қазақы дәстүрмен иығына шапан жауып, сыйсыяпат жасады.

Концерт барысында астаналық филармонияның қазақ оркестрі, белгілі әншілер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Светлана Айтбаева, Алтынай Жорабаева, Азамат Жылтырқозов, Арайлым Рақымқызы, басқа да әншілер өнер көрсетті. Қарттардан құралған өнер ұжымдары да концерттен тыс қалған жоқ. «Есіл толқындары» халықтық ардагерлер ансамблі композитор Кентау Назарбектің «Арайлы Астана» әнін ұсынды. Сондай-ақ қалалық ардагерлер ұйымының «Арқа әуендері», «Ветеран», «Елорда» халықтық хорлары мен ансамбльдері көрермендердің көңілін көтерді.

Ғалия БАЛТАБАЙ,
Астана қалалық Ардагерлер кеңесі медиатобы жетекшісінің орынбасары

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №118

Баспахана: Астана қаласы,

Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ